Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ НОРМАТИВТІК–
ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛЫ

Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства
НОРМАТИВНО–ТЕХНИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

АРҚАЛЫҒЫ ЖОҚ АРАҚАБЫРҒАЛАРДЫ ЕСЕПТЕУ ЖӘНЕ ЖОБАЛАУ

РАСЧЕТ И ПРОЕКТИРОВАНИЕ БЕЗБАЛОЧНЫХ ПЕРЕКРЫТИЙ

ҚР НТҚ 02-01-1.6-2013
(ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011)
НТП РК 02-01-1.6-2013
(к СН РК EN 1992-1-1:2004/2011)

Ресмибасылым
Издание официальное

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің
Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер
ресурстарын басқару комитеті

Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального
хозяйства и управления земельными ресурсами
Министерства национальной экономики Республики Казахстан

Астана 2015

АЛҒЫ СӨЗ

1	**ӘЗІРЛЕГЕН:**	«ҚазҚСҒЗИ» АҚ
2	**ҰСЫНҒАН:**	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
3	**ҚАБЫЛДАНҒАН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН МЕРЗІМІ:**	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап
4	**ЕНГІЗІЛДІ:**	Алғашқы рет

ПРЕДИСЛОВИЕ

1	**РАЗРАБОТАН:**	АО «КазНИИСА»
2	**ПРЕДСТАВЛЕН:**	Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
3	**ПРИНЯТ И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:**	Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства Национальной экономики Республики Казахстан от 29.12.2014 № 156-НҚ с 1 июля 2015 года
4	**ВВЕДЕН:**	Впервые

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе IV
1 Қолданылу саласы 1
2 Нормативтік сілтемелер 1
3 Терминдер мен анықтамалар 2
4 Белгілеулер және өлшім бірлектері 4
4.1 Белгілер 4
4.2 Өлшем бірліктері 8
5 Материалдар 9
5.1 Бетонға қойылатын талаптар 9
5.1.1 Жалпы ережелер 9
5.1.2 Бетонның сығылуға беріктігі бойынша класы, оларға сәйкес сипаттамалық және есептік кедергілер 9
5.2 Арматураға қойылатын талаптар. Алдын ала кернелмеген конструкцияларға арналған арматура 11
5.2.1 Арматураның қолданылатын кластары 11
5.2.2 Арматураның сипаттамалық және есептік кедергілері 11
5.2.3 Арматураның деформациялық сипаттамалары 12
6 Арқалықсыз жабындар 13
6.1 Жалпы ережелер 13
6.2 Эквиваленттік жақтаулар әдісімен есептеу 14
6.3 Есептеу мысалдары 18
6.3.1 Үлестірілген иілу моменттерден аражабындар плиталары жақтауларын есептеу 21
6.3.2 Ұстынды есептеу 23
7 Жаншылу (жергілікті кесілу) 30
7.1 Жалпы ережелер мен анықтамалар 30
7.2 Плитаның майысуын есептеу 36
7.3 Арқалықсыз аражабындар конструкциясы 46
7.3.1 Ұстындар 46
7.3.2 Әсембағандар 46
7.3.3 Баулайтын арқалықтар 46
7.4 Арқалықсыз жалпақ (әсембағансыз) аражабындар 47
7.5 Арқалықсыз аражабындарды құрылымдау 49
7.5.1 Ішкі ұстындар аймағындағы арқалықсыз аражабындар 49
7.5.2 Шеткі және бұрыштық ұстындар аймағындағы арқалықсыз аражабындар 49
7.5.3 Майысу аймағындағы көлденең арматура 50
А Қосымшасы (*ақпараттық*) Арматура кластары белгіленулерінің сәйкестігі 55
Б Қосымшасы (*ақпараттық*) Жылжығыштық және шөгу деформациялары 56
В Қосымшасы (*ақпараттық*) Есептеу мысалдары 59
Г Қосымшасы (*ақпараттық*) Көтергіш қабілеттері 67
Библиография 92

КІРІСПЕ

Осы нормативтік-техникалық құрал «Қазақ құрылыс және сәулет ғылыми-зерттеу және жобалау институты» Акционерлік қоғамы («ҚазҚСҒЗЖИ» АҚ) әзірледі.

Осы курал «Арқалықсыз аражабындарды есептеу және жобалау» ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 «Темірбетон конструкцияларын жобалау. 1-1-бөлім. Жалпы ережелер және ғимараттар ережелері» дамуы үшін әзірленген.

2011 жылдың 1 шілдесінен бастап Қазақстан Республикасының бірінші құрылыс нормалары ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 «Темірбетон конструкцияларды жобалау. 1-1 бөлім. Жалпы ережелер және ғимараттарға арналған ережелер» (2.03.01-84* ҚНжЕ орнына) күшіне енгізілді, ондағы ережелер 30 жылға дерлік уақыт бойы жаңартылмай келген, осыған байланысты оның бірқатар тараулары нақтылауды, толықтыруларды немесе толық қайта әзірлеуді талап етеді.

Құралда арқалықсыз аражабындарды есептеу және жобалау кезінде басшылыққа алынуы қажет ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 қағидалары мен негізгі талаптары келтірілген. Арқалықсыз плиталар үшін иілу моменттерін жеңілдетілген тәсілмен таратудан көрінетін эквивалент жақтаулар әдісі бойынша арқалықсыз аражабындар есебі берілген. Плиталар мен бағаналар есебі ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 келтірілген әдістемелерге сәйкес жүргізілген. Негізгі назар плиталардың қысымды сығылу есебін ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 әдістемесі бойынша есептеуге көңіл бөлінген. Арқалықсыз аражабындарды есептеу мысалы келтірілген. Сонымен қатар, құралда терминдер мен анықтамалар, бетондар және арматура болаттарының кластары, беріктік және деформациялық сипаттамалары берілген.

Осы нормативтік-техникалық құрал инженерлік-техникалық жұмысшыларға, жобалық өнімге тапсырыс берушілерге, оқытушыларға және жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған.

Осы нормативтік-техникалық құрал Қазақстан Республикасының нормативтік құжаты ретінде ерікті негізде қолдану үшін енгізіледі.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ НОРМАТИВТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛЫ
НОРМАТИВНО-ТЕХНИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

АРҚАЛЫҒЫ ЖОҚ АРАҚАБЫРҒАЛАРДЫ ЕСЕПТЕУ ЖӘНЕ ЖОБАЛАУ

РАСЧЕТ И ПРОЕКТИРОВАНИЕ БЕЗБАЛОЧНЫХ ПЕРЕКРЫТИЙ

Енгізілген күні - 2015-07-01

1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Осы нормативтік-техникалық құрал қалыпты бетоннан дайындалатын және Қазақстан Республикасының климаттық жағдайларында қолданылатын, жергілікті қалыңдату-капительдер (немесе капительдерсіз) көмегімен оларды ұстап отыратын бағаналармен тығыз байланыстырылатын тегіс плиталардан түзілген жазық темірбетон аражабындар түріндегі арқалықсыз конструкциялардан тұратын тағайындамасы әртүрлі ғимарат қаңқаларын жобалауға таралады.

Әрбір нақты жағдайда арқалықсыз конструкцияларды қолданудың мақсаттылығы конструкцияларды пайдалану жағдайларын есепке ала отырып, ал бағаналар торы 6 м × 6 м асатын ғимараттарда өндірістік аудандарды пайдалану тиімділігінің артуын есепке ала отырып техникалық-экономикалық талдау негізінде белгіленеді. Тиісті дәйектеу жағдайында монолит арқалықсыз конструкцияларды қолдануға болады.

1.2 Осы нормативтік-техникалық құрал гидротехникалық құрылыстардың бетонды және темірбетонды құрылыстарын, көпірлерді, көлік тоннелдерін, үймелер астындағы құбырларды, автомобиль жолдары мен аэродром төсемдерін жобалау кезінде қолданылмайды.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы нормативтік-техникалық құралда төмендегі нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған:

ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 Темірбетон құрылыстарын жобалау. 1-1 бөлім. Жалпы ережелер және ғимараттарға арналған ережелер.

НТҚ-02-02-2011 ҚР нормативтік-техникалық құралы «Арматураны алдын-ала кернеулей отырып, ауыр бетоннан жасалған және темірбетон конструкцияларды жобалау».

ҚР СТ ISO 3898-2011 Конструкциялардың көтергіш элементтерін жобалау (және есептеу) негіздері. Терминдер мен анықтамалар. Жалпы символдар (қысқартулар мен шартты белгілер).

ҚР СТ EN 206-1-2011 Бетон. 1-бөлім. Техникалық талаптар, көрсеткіштер, өндірісі және сәйкестік.

ҚР СТ СТБ 1704-2011 Темірбетон конструкцияларына арналған арматура. Техникалық шарттар.

ГОСТ 5781 Темірбетон конструкцияларын арматуралауға арналған ыстықтай тапталған болат. Техникалық шарттар.

ГОСТ 6727 Темірбетон конструкцияларын арматуралауға арналған суықтай тартылған төмен көміртекті болаттан жасалған сым. Техникалық шарттар.

ГОСТ 10884 Кезеңдік профильді термомеханикалық және термиялық беріктендірілген арматуралық болат. Техникалық шарттар.

Ескертпе – Осы нормативті-техникалық Құралды қолданған кезде сілтеме жасалатын құжаттардың әрекетін жыл сайын ағымдағы жыл жағдайына құрастырылатын ақпараттық «Қазақстан Республикасы аумағында қолданыстағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс салаларындағы нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық актілердің тізімі», «Қазақстан Республикасының стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар көрсеткіші» және «Мемлекетаралық нормативтік құжаттар көрсеткіші» бойынша тексерген жөн. Егер сілтеме жасалатын құжат ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда осы нормативті қолданған кезде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу қажет. Егер сілтеме жасалатын құжат ауыстырылмай өзгертілген болса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлімде қолданылады.

3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы нормативтік-техникалық құралда төмендегі терминдер тиісті анықтамаларымен келтірілген:

3.1 Арматура: Темірбетон конструкциясында созылатын (көбінесе) және сығылатын күштерті қабылдауға арналған сызықтықпен созылған элементтер. Ғимараттар мен құрылыстарда болат арматураны сым, шыбық және ширатылған арқан түрінде қолданады.

3.2 Конструктивті арматура: Конструктивті ұғыныстар бойынша есептеусіз орнатылатын арматура.

3.3 Жұмыстық арматура: Есеп бойынша белгіленетін арматура.

3.4 Арматуралық қаңқа: Арматуралық торларды немесе жекелеген шыбықтарды жалғау арқылы жасалған көлемді арматуралық элемент. Арматуралық торлардың жалғану және өзара орналасу тәсілі жобалық құжаттама талаптарына сәйкес келу керек.

3.5 Созылуға беріктілігі бойынша арматура класы: Оның механикалық қасиеттерін тиісті стандарттар талаптарына сәйкес сипаттайтын, St әрпімен (мысалы, St500) және арматураның сипаттамалық кедергісіне сәйкес келетін санмен белгіленетін көрсеткіш МПа-мен (Н/мм^2).

3.6 Бетонның беріктілігі бойынша класы: Бетонның сапасын сипаттайтын, осьтік сығылуына кепілдік беріктілігіне сәйкес келетін, С әрпімен және сипаттамалық кедергі мен кепілдік беріктілік мәндерін Н/мм^2 (МПа) білдіретін сандармен, мысалы, С12/15 (сызықтың алдында - f_{ck}, Н/мм^2 сипаттамалық кедергінің мәні, сызықтан кейін – бетонның $f^{G}_{c,cube,}$ Н/мм^2 кепілдік беріктілігі) белгіленетін сандық шама.

3.7 Бетон конструкциялары: Бетоннан арматурасыз немесе конструктивті ұғыныстар бойынша орнатылатын және есептеулерде ескерілмейтін конструциялар; бетон конструкцияларындағы барлық әсер етулерден жасалатын есептік күштерді бетон қабылдау керек.

3.8 Темірбетон конструкциялары: Жұмыстық және конструктивті арматурасы бар бетоннан жасалған конструкциялар (арматураланған бетон конструкциялары); арматураланған бетон конструкцияларларындағы барлық әсер етулерден есептік күштерді бетон және жұмыстық арматура қабылдау керек.

3.9 Арматураға арналған жеке қауіпсіздік коэффициенті γ_s: Арматура болатының физикалық немесе шарттық аққыштық шегінің $f_{yk}(f_{0,2k})$-дан төмен болуы мүмкін ауытқуларын, сондай-ақ өзек қимасы өлшемдерінің ауытқуларын ескеретін коэффициент.

3.10 Бетонға арналған жеке қауіпсіздік коэффициенті γ_c: Бетонның f_{ck}, f_{ctk} беріктілігінің сипаттамалық мәндерден төмен ауытқу мүмкіндігін, қималардың геометриялық өлшемдеріндегі ауытқуларды (рұқсат етілген ауытқулардан аспайтын) және бетонның тәжірибелік үлгілерде анықталатын беріктілігі мен бетон конструкциялары беріктілігі арасындағы айырмашылықтарды ескеретін коэффициент.

3.11 Есептік модель: Конструктивті жүйенің конструкциясын немесе оның элементін талдау мақсатында қолданылатын мінсіздігі.

3.12 Конструкциялардың сенімділігі: Құрылыстың немесе оның конструктивті элементінің есептік пайдалану мерзімінің ішінде белгіленген талаптарға сәйкес болу қабілеті. Әдетте, сенімділік ықтималдық шамалармен көрсетіледі.

Ескертпе – Сенімділік ұғымы құрылыстың қауіпсіздігін, пайдалануға жарамдылығын және ұзақ мерзімділігін сипаттау кезінде қолданылады.

3.13 Бетонның осьтік сығуға беріктілігі f_c: Бетонның бір осьтік кернелген күйіндегі өзгеру диаграммасының ең жоғарғы нүктесіне сәйкес келетін максималды сығылу кернеуі.

3.14 Бетонның осьтік сығуға кепілдік беріктілігі $f^{G}_{c,cube,}$: Өлшемдері 150×150×150 мм кубтарды осьтік сығу кезінде қамтамасыз етілгендігі 0,95 болғандағы статистикалық құбылмалылықты ескере отырып анықталатын, өндіруші әрекеттегі стандарттарға сәйкес кепілдік беретін беріктілік.

3.15 Арматуралық тор: Бір-бірімен жалғанған бойлық және көлденең шыбықтардан құрастырылған жалпақ арматуралық элемент; оның құрайтын өзектердің пішіні мен өлшемі, адымы мен қимасы, жалғану тәсілі дайындау технологиясы ескеріле отырып, жобалық құжаттама талаптарына сәйкес келу керек.

3.16 Конструктивті жүйе: Ғимараттың немесе инженерлік құрылыстың ортақ жұмыс үшін біріктірілген көтергіш элементтері.

3.17 Есептеу жағдайы: Арнайы есептеулері тиісті шекті жай-күйлердің асырылмағанын көрсететін белгілі-бір уақыт аралығында кездесетін нақты жағдайларды бейнелейтін физикалық жағдайлар жиынтығы.

3.18 Арматураның сипаттамалық кедергісі $f_{yk}(f_{0,2})$: Арматураның тиісті стандарттарға сәйкес қамтамасыз етілгендігі 0,95 құрайтын физикалық немесе шарттық аққыштық шегінің өндіруші кепілдік беретін мәні.

3.19 Арматураның есептік кедергісі f_{yd}: Конструкцияларды есептеу кезінде қабылданатын және сипаттамалық кедергіні f_{yk} арматураға арналған жеке қауіпсіздік коэффициентіне γ_s бөлу арқылы табылатын арматура беріктілігі.

Бетонның осьтік созылу бойынша сипаттамалық кедергісі f_{ctk}($f_{ctk,0,05}$) – бетон беріктілігінің статистикалық 5 % үлестірім квантилі.

3.20 Бетонның осьтік сығуға сипаттамалық кедергісі f_{ck}: Призмалар мен цилиндрлердің осьтік сығуына қамтамасыз етілгендігі 0,95 құрайтын статистикалық құбылмалылығы бетонның $f^{G}_{c,cube,}$ кепілдік беріктілігі бойынша параметрлік класс қатарының мәндеріне сүйеніп белгіленген кедергісі.

3.21 Бетонның осьтік созылу бойынша орташа кедергісі f_{ctm}: Бетонның осьтік созылуға құрылмаларды жобалау үшін белгіленген төзімділігі.

3.22 Бетонның есептік кедергісі (сығылуға - f_{cd}; созылуға - f_{ctd}): Бетон конструкциясының көтергіш қабілеті және пайдалануға жарамдылығы бойынша қабылданатын, сондай-ақ сипаттамалық беріктілік мәндерін бетонның жеке қауіпсіздік коэффициентіне γ_c бөлу арқылы есептелетін бетон кедергісі.

3.23 Әсерлер:

–Құрылысқа әсер ететін (тікелей әсер ететін) күштер (жүктемелер) тобы;

–Температураның немесе ылғалдықтың әсерінен, негіздердің әркелкі шөгуінен немесе жер сілкінісінен (жанама әсер) туындаған деформациялар мен ауытқулар тобы.

3.24 Шекті күйі: Асырылған жағдайда құрылыс конструкциялары жобалау нормаларының талаптарына сәйкес келмейтін күйлер.

4 БЕЛГІЛЕР ЖӘНЕ ӨЛШЕМ БІРЛІКТЕРІ

Осы нормативтік-техникалық құралда, сондай-ақ осы НТҚ толықтыратын тиісті нормативтік құжаттарды әзірлеу кезінде ҚР СТ ISO 3898-2011 сәйкес төменде келтірілген шартты белгілерді пайдалану қажет.

4.1 Белгілер

Латын алфавитінің бас әріптері

A – қиылған аудан;

A_c – бетонның қиылған ауданы;

A_{cc} – бетонның сығылған аймағындағы қиылған ауданы;

$A_{c,eff}$ – созылған қиылу аймағының тиімді ауданы;

A_{c0} – жаншылу ауданы;

A_{c1} – жаншылуға есептеу кезіндегі таралу ауданы;

A_{core} – жанама (айналмалы) арматуралау шектеріндегі қиылған аудан;

A_{cont} – бақылау қимасының ішіндегі бақылау ауданы;

A_{ct} – созылған аймақ бетонының қиылған ауданы;

A_d – ерекше әсер етудің есептік мәні;

A_{load} – шоғырланған күш салынған беттің ауданы;

A_p – кернелетін арматураның қиылған ауданы;

A_{p1} – кернелетін арматураның созылған немесе азырақ сығылған қиылу аймағындағы қиылған ауданы;

A_{p2} – кернелетін арматураның (жүктеме әсерінен) сығылған қиылу аймағындағы қиылған ауданы;

A_s – кернелетін арматураның қиылған ауданы;

A_{s1} – созылған немесе ең аз сығылған арматураның қиылған ауданы;

A_{s2} – қысылған немесе ең аз созылған арматураның қиылған ауданы;

A_{sf} – таврлық қима элементі сөресіндегі арматураның қиылған ауданы;

$A_{s,tot}$ – қимадағы бойлық арматураның толық ауданы;

A_{sw} – көлденең арматураның қиылған ауданы;

B – майыстырылатын темірбетон элементінің қаттылығы;

E_c,$E_{c(28)}$ –28 тәулік бұрын жасалған қалыпты бетонның кернеуі $\sigma_c = 0$ болғандағы жанама серпімділік модулі;

$E_{c,eff}$ – бетонның тиімді серпімділік модулі (жүктеменің ұзақ уақыты ескерілген);

E_{cd} – бетонның серпімділік модулінің есептік мәні;

E_{cm} – бетон серпімділігінің қиятын модулі;

E_s – арматуралық болат серпімділігі модулінің есептік мәні;

F – күш, әсер;

F_c – бетонның сығылған аймағындағы күштердің тең әсерлі мәні;

F_s – арматурадағы күштердің тең әсерлі мәні;

H – көлденең берілетін күш (тірек);

I – бетонның көлденең қимасы ауданының инерция моменті;

I_c – бетон қимасының элемент қимасының ауырлық орталығына қатысты инерция моменті;

I_s – арматураның қима ауданының элемент қимасының ауырлық күшіне қатысты инерция моменті;

M – иілетін момент;

M_{cr} – жарықтардың пайда болуына сәйкес келетен момент;

M_{Rd} – иілу кезіндегі қиманың беріктігі;

M_{Ed} – сыртқы жүктеменің әсерінен туындаған есептік иілетін моменті;

$M_{Ed,x}$ – сыртқы жүктемеден *x* осіне қатысты анықталған есептік иілетін моменті;

$M_{Ed,y}$ – жоғарыдағыдай, *y* осіне қатысты;

N – бойлық күш;

N_{cr} – жарықтардың пайда болуына алып келетін осьтік күш;

N_{crit} – шартты критикалық бойлық күш;

N_{Rd} – бойлық күш әсеріндегі қиманың беріктігі;

N_{Ed} – сыртқы әсерден пайда болатын есептік бойлық күш;

$N_{Ed,z}$ – *z* осінің бағыты бойынша сыртқы жүктемеден туындайтын бойлық күш;

$N_{Ed,lt}$ – жүктемелердің квазитұрақты үйлесуі кезіндегі есептік бойлық күш;

Q – ауыспалы әсер;

S – статикалық моменті;

V_{cd} – бетон қабылдайтын есептік көлденең күш;

$V_{Rd,c}$ – көлденең арматурасы бар элементте, бетон қабылдайтын көлденең күштің құрамдасы;

$V_{Rd,ct}$ – көлденең арматурасы жоқ элемент қабылдайтын есептік көлденең күш;

$V_{Rd,max}$ – көлбеу қиманы есептеу кезінде сығылған сүйемелер қабылдайтын есептік көлденең күш;

$V_{Rd,sy}$ – көлденең арматурасы бар элементте, арматура қабылдайтын көлденең күштің құрамдасы;

V_{Ed} – жүктемеден туындаған есептік көлденең күш;

W_c – бетон қимасының сызықтық серпімді материалға арналғандай есептелген қарсыласу моменті.

Латын алфавитінің кіші әріптері

a_{lim} – шекті (рұқсаттық) иілім;

a_p – анкерде арматура шыбығының сүзіп шығуы;

b'_{eff} – таврлық қималар сөресінің тиімді ені;

b_j – монолит бөлігіндегі құрастырмалы –монолитті конструкциялар мен құрастырмалы элементтің бірігу (түйісу) бетінің ені;

b_w – таврлық қима қабырғасының ені; арқалықтың кескілене кіретін күштердің әсеріне есептеу кезіндегі есептік ені;

d_g – толтырғыштың максималды ірілігі;

e_a – кездейсоқ эксцентриситет;

e_e – есептік эксцентриситет;

e_o – бойлық күштің (иілімнің әсері ескерілмеген) келтірілген қиманың ауырлық күшіне қатысты бастапқы эксцентриситеті;

e_{s1} – бойлық күштің созылған арматураның ауырлық күшіне қатысты эксцентриситеті;

e_{s2} – бойлық күштің сығылған арматураның ауырлық күшіне қатысты эксцентриситеті;

f_c – бетонның бір осьтік кернелген күйіндегі сығуға беріктілігі;

$f^G_{c,cube}$ – бетонның кепілдік беріктілігі;

f_{cd} – темірбетон және алдын ала кернелген конструкциялар үшін бетонның есептік кедергісі;

f_{ck} – бетонның осьтік сығуға сипаттамалық кедергісі;

f_{cm} – конструкцияларды жобалау үшін белгіленген бетонның осьтік сығуға беріктілігі;

f_{ctd} – темірбетон және алдын ала кернелген конструкциялар үшін бетонның созылуға есептік кедергісі;

f_{ctk} – бетонның осьтік сығуға беріктілігінің $f_{ctk,0,05}$ статистикалық үлестірілуінің 5% квантиліне сәйкес келетін сипаттамалық кедергісі;

$f_{ctk,0,95}$ – бетон беріктігінің осьтік қысуға статистикалық үлестірілуінің 95% квантилі;

f_{ctm} – бетонның осьтік сығуға конструкцияларды жобалау үшін белгіленген беріктілігі;

f_{cud} – бетонның жаншылуға есептік кедергісі;

$f_{yk}(f_{0,2k})$ – кернелмейтін арматураның сипаттамалық кедергісі;
f_{yd} – кернелмейтін арматураның есептік кедергісі;
f_{ywd} – көлденең арматураның есептік кедергісі;
$h_f^{'}$ – таврлық қима сөресінің биіктігі (қалыңдығы);
l_b – арматура анкерлеуінің базалық ұзындығы;
l_{bp} – кернелетін арматура анкерлеуінің есептік ұзындығы;
l_{col} – тіректің (ұстынның) бекітілу нүктелерінің арасындағы ара қашықтық;
l_{eff} – есептік аралық;
l_n – тіреулер арасындағы көрінетін аралық;
l_o – тіреудің есептік ұзындығы;
n_w – қимадағы көлденең шыбықтардың саны;
s – көлденең арматураның қадамы;
s_e – арматура шыбықтары арасындағы көрінетін ара қашықтық;
s_f – таврлық қима сөресіндегі көлденең арматура шыбықтары арасындағы ара қашықтық;
s_n – сығу аймағындағы жанама арматуралау қаңқаларының (торларының) арасындағы ара қашықтық немесе шиыршық қадамы;
s_{rm} – жарықшақтар арасындағы орташа ара қашықтық;
t – тіректің ені; жүктеменің әсер ету ұзақтығы; қорап тәрізді қима қабырғасының тиімді қалыңдығы;
u – периметр;
v – жеке көлденең күш;
v_{Ed} – ұзындық бірлігіне шаққандағы есептік көлденең күш;
w_k – жарықшақтардың ашылуының есептік ені;
w_{lim} – жарықшақтардың ашылуының шекті ұйғарынды ені;
x – қиманың сығылған аймағының биіктігі, сондай-ақ қарастырылып жатқан қимадан күш салу нүктесіне дейінгі ара қашықтық;
x_{eff} – шартты сығылған қима аймағының сығылған аймақта кернеулерді үлестірудің тік төртбұрышты эпюрасына жол берген жағдайда есептелген тиімді биіктігі;
$x_{eff,lim}$ – шартты қысылған аймақ биіктігінің шектес мәні;
z – ішкі күштер жұбының иіні.

Грек алфавитінің әріптері

α – болаттың серпімділік модулінің E_s бетонның серпімділік модуліне E_{cm} қатынасы, бұрышы, коэффициенті;
α_e – болаттың серпімділік модулінің E_sбетонның тиімді серпімділік модуліне $E_{c,eff}$қатынасы;
α_k – иілімдерді есептеу кезінде элементтің жүктелу және сүйену шарттарын ескеретін коэффициент;
α_t – сызықтық температуралық кеңею коэффициенті;

γ – жеке қауіпсіздік коэффициенті;
γ_c – бетонға арналған жеке қауіпсіздік коэффициенті;
γ_s – арматураға арналған жеке қауіпсіздік коэффициенті;
γ_F – әсер етуге арналған жеке қауіпсіздік коэффициенті;
δ – қайта үйлестіруге дейінгі және одан кейінгі моменттердің қатынасы, сондай-ақ – коэффициент;
ε_c – бетонның салыстырмалы деформациясы;
ε_{c1} – бетонның сығуға беріктігіне сәйкес келетін салыстырмалы деформациясы f_c;
ε_{c2}, ε_{c3} – бетонның есептік кедергісіне f_{cd} сәйкес келетін бетонның салыстырмалы деформациясы;
$\varepsilon_{cs,\infty}$ – бетонның шекті шөгу мәні;
ε_{cu}, ε_{cu2},ε_{cu3} – бетонның шекті сығылғыштығына сәйкес келетін салыстырмалы деформациялар;
ε_s – арматураның салыстырмалы деформациясы;
ε_{sm} – жарықшақтары бар элементке арналған арматураның орташа салыстырмалы деформациясы;
$\varepsilon_{cs}(t, t_0)$ – бетонның $t > t_0$ уақыты кезіндегі шөгуінің мәні;
ε_{sR} – арматураның жарылуға сәйкес келетін салыстырмалы деформациялары;
ε_{su} – арматураның созылу кезіндегі салыстырмалы деформациясының шекті мәні;
ε_{yd} – арматураның аққыштық шегіне сәйкес салыстырмалы деформациялары;
ξ – $\frac{x}{d}$ қатынасы, сондай-ақ коэффициент;
η – коэффициент;
θ – бұрыш.

4.2 Өлшем бірліктері

Осы құралдың талаптарына сәйкес жүргізілетін есептеулерде төмендегі өлшем бірліктерін пайдалану керек:

Осы құралда жүргізілетін есептеулерде келесі өлшем бірліктері қолданылған:

1. күш - Н, кН;
2. сызықтық өлшемдер - мм (қималарда), м (элементтерде немесе олардың учаскелерінде);
3. жүктеменің таралуы - кН/м, Н/мм (ұзындық бірлігінде); кН/м^2 (аудан бірлігінде);
4. тығыздық - кг/м^3;
5. кернеулер және беріктік - Н/мм^2 (МПа);
6. момент (иілетін, айналатын) - кН·м.

5 МАТЕРИАЛДАР

5.1 Бетонға қойылатын талаптар

5.1.1 Жалпы ережелер

Осы нормативтік құралға сәйкес жобаланатын бетон және темірбетон конструкциялары үшін орташа тығыздығы 2200 кг/м^3 -ден 2500 кг/м^3 дейін қоса алғанда конструктивті қалыпты бетонды қарастыру керек. Бетонның түрін және оның техникалық бақыланатын сапа көрсеткіштерін бетон, темірбетон және алдын ала кернелген темірбетон конструкцияларына тиісті стандарттар талаптарға сәйкес тағайындау қажет.

5.1.2 Бетонның сығылуға беріктігі бойынша класы, оларға сәйкес сипаттамалық және есептік кедергілер

5.1.2.1 Бетон, темірбетон конструкцияларын жобалау кезінде ҚР ҚН EN 206-1 сәйкес сығылуға беріктігі бойынша төмендегі класты қалыпты (ауыр) бетондарды қолдану керек:

C12/15; C16/20; C20/25; C25/30; C30/37; C35/45; C40/50; C45/55; C50/60; C55/67; C60/75; C70/85; C80/95; C90/105;

5.1.2.2 Бетон және темірбетон конструкцияларын есептеу кезінде қолданылатын базалық беріктік сипаттамаларына мыналар жатады:

–бетонның осьтік сығылуы бойынша сипаттамалық кедергісі, f_{ck};

–бетонның осьтік созылуы бойынша сипаттамалық кедергісі, f_{ctk};

Бетонның сығылуға беріктігі бойынша класын белгілеу кезінде бетонның осьтік сығылу бойынша сипаттамалық кедергісін бетонның осьтік сығылуға сипаттамалық кедергісіне қарай белгілеуге рұқсат етіледі.

5.1.2.3 Жиналмалы темірбетон конструкцияларын жобалау кезінде бетонның конструкцияның өзіндік дайындалу кезеңіне сәйкес келетін сығылуға беріктігін қосымша көрсету қажет (мысалы, қалыпты шешу беріктігі, берілістік беріктік және т.б.).

5.1.2.4 Бетонның класы бойынша беріктігі 5.1.2.1 нормаланған осьтік сығылуға және осьтік созылуға сипаттамалық кедергілері, сондай-ақ оның осьтік сығылуға және осьтік созылуға орташа беріктік мәндері 3.1 ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 3.1-кестесінде көрсетілген.

5.1.2.5 Бетонның (созылуға беріктіктің 95 % квантилі, ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 3.1-кестесін қараңыз) осьтік созылуға сипаттамалық кедергісін $f_{ctk,0,95}$ бетон, темірбетон және алдын-ала кернеуленген конструкцияларын есептеу кезінде созылуға аса жоғарылатылған беріктік жағымсыз нәтижеге келтірген жағдайда (мысалы, мәжбүрлі күш салулардың әсеріне есептеу кезінде және т.б.) ғана қолдану қажет.

5.1.2.6 Бетонның сығылуға f_{cd} және созылуға f_{ctd} есептік кедергілерін бетонның осьтік сығылуына f_{ck} және осьтік созылуына f_{ctk} сәйкес сипаттамалық кедергілерін бетон бойынша жеке қауіпсіздік коэффициенттеріне γ_c бөлу арқылы анықтау керек:

а) көтергіш қабілетінің шекті жағдайлары бойынша есептеу кезінде:

–арматураланбаған (бетонды) конструкциялар үшін - 1,5;

–темірбетон және алдын ала кернелген конструкциялар үшін - 1,5;

б) пайдалануға жарамдылығының шекті жағдайлары бойынша есептеу кезінде - 1,0.

5.1.2.7 Деформациялануының сипаттамалық диаграммаларын суреттеу кезінде кернеулері бетонның осьтік сығылуға кедергісінің f_{ck} сипаттамалық мәндеріне тең диаграмманың ең жоғарғы базалық нүктесін негізгі нүкте ретінде қабылдау керек.

Есептеу кезінде бетон жұмысының деформациялау диаграммасының төмендейтін учаскесіндегі критикалық саласын k_u коэффициентінің мәнін ала отырып, $\sigma_{cu}= k_u \cdot f_{ck}$ кернеулер деңгейімен шектеу қажет.

а) сығылуға беріктігі С55/67 төмен бетондар тобы үшін 0,80.

б) сығылуға беріктігі С70/85 және жоғары төзімді бетондар үшін 0,90.

Бетонның есептеулерде қолданылатын салыстырмалы деформацияларының ε_{cu1} шекті мәндері ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 3.1-кестесінде келтірілген мәндерден аспау керек.

5.1.2.8 Кернеулердің деформациялау диаграммасының түйінді нүктелеріндегі есептік мәндерін бетон кедергілерінің f_{ck} сипаттамалық мәндерінің орнына олардың жүктеудің ұзақ уақыттық әсерін, оның қолайсыз қойылу тәсілін және т.б. ескеретін α_{cc} коэффициенті бар f_{cd} есептік мәндерін ала отырып, 5.1.2.6 нұсқауларына сәйкес анықтау керек.

α_{cc} коэффициентінің мәндерін сығылуға беріктік класы С50/60 аспайтын бетон үшін α_{cc} = 0,85 қолдану қажет.

$|\varepsilon_{c1}| \le |\varepsilon_c| \le |\varepsilon_{cu1}|$ салыстырмалы деформациялар аралығында бетонның деформациялануының есептік диаграммасы (5.1-сурет) $\alpha_{cc} \cdot \frac{f_{ck}}{\gamma_c}$ есептік кедергісіне сәйкес келетін көлденең учаскені құрайды.



1 - нормативтік диаграмма; 2 - есептік диаграмма

а) - параболалы-сызықтық; б) – ықшамдалған бисызықтық

5.1-сурет – Бетонның сығылу кезінде темірбетон конструкциялары қималарының беріктіктерін есептеу кезінде қолданылатын деформациялану диаграммалары

5.1.2.9 [3.1.7(3)] Арматурасы ең созылған және ең сығылған конструкция қырларының жанында шоғырланған және күш салулары симметрия жазықтығында әрекет ететін қарапайым пішінді қималар беріктігін есептеу кезінде кернеулердің қиманың

сығылған аймағының тиімді биіктігі шегінде бөлінуінің тік төртбұрышты эпюрасын пайдалануға жол беріледі.

Сығылған қима аймағының тиімді биіктігін анықтау үшін қолданылатын λ коэффициентінің мәні және тиімді беріктікті анықтауға арналған η коэффициентінің мәні былай шығарылады:

$$\lambda = 0{,}8 \text{ для } f_{ck} \leq 50 \text{ МПа}, \tag{5.1}$$

$$\lambda = 0{,}8 - \frac{f_{ck} - 50}{400} \text{ для } 50 < f_{ck} \leq 90 \text{ МПа}, \tag{5.2}$$

$$\eta = 1{,}0 \text{ для } f_{ck} \leq 50 \text{ МПа}, \tag{5.3}$$

$$\eta = 1{,}0 - \frac{f_{ck} - 50}{200} \text{ для } 50 < f_{ck} \leq 90 \text{ МПа}, \tag{5.4}$$

Ескертпе – Егер сығылған қима аймағының ені көбірек сығылған қима қырына қарай азайса, онда $\eta \cdot f_{cd}$ мәнін 10 % азайту қажет.

5.2 Арматураға қойылатын талаптар. Алдын ала кернелмеген конструкцияларға арналған арматура

5.2.1 Арматураның қолданылатын кластары

Темірбетон конструкцияларының кернелмеген арматурасы ретінде St400 және St500 класс арматураларын қолдану қажет. Өндіру тәсіліне қарай арматура ыстықтай тапталған, термомеханикалық және салқын деформацияланған болып бөлінеді. Арматураның механикалық қасиеттеріне қойылатын талаптар тиісті стандарттармен регламенттеледі. Кернелмеген арматура ретінде мерзімдік профиль өзектерін және А Қосымшасында белгіленген кластар сымдарын қолдануға болады.

5.2.2 Арматураның сипаттамалық және есептік кедергілері

5.2.2.1 Арматураның сипаттамалық кедергісі $f_{yk}(f_{0,2k})$ – аққыштықтың физикалық немесе шартты шегінің 0,2 % тең қалдықтық салыстырмалы созылуына сәйкес келетін кернеулер мәндеріне тең ең төменгі бақыланатын мәніне өндіруші зауыттар 0,95 кем емес қамтамасыздығымен кепілдік береді.

5.2.2.2 f_{yd} арматурасының $f_{yk}(f_{0,2k})$ есептік кедергісін γ_s нормативтік кедергісін арматура бойынша шыбықты арматураларда 1,15 –ке, ал сымды арматураларда 1,2-ге тең болып алынатын жеке қауіпсіздік коэффициентіне бөлу арқылы анықтайды.

Еңісті қималар бойынша есептеу кезінде көлденең арматураның (қамыттар мен бүктелген шыбықтар) f_{ywd} есептік кедергілері f_{yd} –мен салыстырғанда γ_{s1} және γ_{s2} жұмыс жағдайлары коэффициенттеріне көбейту арқылы төмендетіледі:

а) γ_{s1}= 0,8 – арматурадағы кернеулердің қарастырылып жатқан қиманың бойымен үлестірілуінің әркелкілігін ескеру үшін;

б) γ_{s2} = 0,9 – диаметрі пісірілетін қаңқалардың бойлық шыбықтар диаметрінің 1/3 бөлігінен кем өзекті арматура үшін, дәнекерленген қосылыстың морт сыну мүмкіндігін ескеру үшін.

Кернелмейтін арматураның сипаттамалары 5.1-кестеде келтірілген.

5.1-кесте – Кернелмейтін арматураның сипаттамалары

Арматура класы	Номиналды диаметрі, мм	Бетінің түрі	$k = \frac{f_{tk}}{f_{yk}}$	$f_{yk}(f_{0,2k})$, Н/мм^2	$f_{yd}(f_{0,2d})$, Н/мм^2	f_{ywd},Н/мм^2	
St400	от 6 до 40	Мерзімді профиль	от 1,25 до 1,5	400	348	279*	251
St500	от 3 до 40	Мерзімді профиль	1,2	500	435(410)**	348* (328)**	313 (295)**

* Бауланған қаңқаларда қолдану жағдайларында.

** Жақшада сымды арматураға арналған мәндер келтірілген.

5.2.3 Арматураның деформациялық сипаттамалары

5.2.3.1 Арматураның баламалы иілімділігі созылуға беріктігінің $\left(\frac{f_t}{f_y}\right)_k$ аққыштық шегіне қатынасымен және максималды жүктелу ε_{uk} кезінде салыстырмалы созылуымен анықталу керек. 5.2-суретте ыстықтай тапталған және салқындай созылған болаттарға арналған «кернеу - салыстырмалы деформация» деформациялау диаграммалары келтірілген.

5.2.3.2 St500 тобының шыбықты арматурасына арналған «σ_s–ε_s» тәуелділігін 5.3 а-суретінің диаграммасына сәйкес қабылдау қажет.

St400 тобы арматурасына және Bt500 тобы арматурасына арналған «σ_s–ε_s» тәуелділікті σ_s -ден ε_s дейін көлденең учаскемен қабылдау керек (5.3б-сурет).

E_s арматурасының температураның минус 30 °С-дан плюс 200 °С-ға дейінгі аралықтағы серпімділік модулін 200 кН/мм^2 тең деп алу керек.



а) – ыстықтай тапталған болаттар үшін; б)- салқындай созылған болаттар үшін

5.2-сурет – Арматура болаттарына арналған «кернеу-салыстырмалы деформация» диаграммасы



а) - St500 класының шыбықты арматурасы үшін;

б) - St240, St400 класының арматурасы және сымды арматура үшін

5.3-сурет – Кернелмейтін арматураға арналған «σ_s–ε_s» тәуелділігі:

6 АРҚАЛЫҚСЫЗ АРАЖАБЫНДАР

6.1 Жалпы ережелер

6.1.1 Осы тарауда қарастырылып жатқан арқалықсыз жалпақ аражабындардың қалыңдығы бірдей болуы немесе құрамына әсембаған (ұстындар үстіндегі жуандықтар) енгізілуі мүмкін.

6.1.2 [I.1.1.(2)] Жалпақ аражабындар көпшілік қолданатын, мысалға, арқалық торларды (аражабын бірқатар бір-бірімен біріктірілген дискреттік элементтер ретінде мінсізделген), ақырғы элементтерді, шекті тепе-теңдікті немесе эквиваленттi жақтауды

есептеу кезінде қолданылатын әдістерді пайдалану арқылы есептелу керек. Оған қоса материалдардың тиісті геометриялық параметрлері мен қасиеттері қолданылуға тиіс.

Бұл құралда эквиваленттік жақтаулар әдісі ғана қарастырылған.

6.2 [I.1.2] Эквиваленттік жақтаулар әдісімен есептеу

6.2.1 [I.1.2.(1)] Конструкция бойлық және көлденең бағытта ұстындардан және жанасқан панельдердің орта сызықтарының арасында орналасқан тақталар бөліктерінен (төрт көршілер ұстындармен шектелген жер) құралатын жақтауларға бөлінген болу керек. Элементтердің қаттылығы олардың жалпы қимасы бойынша есептелуі мүмкін. Тігінен жүктеу үшін қаттылық плиталардың толық енінде анықталуы мүмкін. Көлденең жүктелген жағдайда ұстындардың жалпақ аражабындар конструкцияларындағы плитамен жалғануларының ұстындар мен арқалықтардың жалғануымен салыстырғандағы жоғарылаған икемділікті ескеру үшін бұл мәннің 40 % қабылдану керек. Есептеу үшін әр бағытта плитаға жасалатын толық жүктеме қолданылу керек.

6.2.2 [I.1.2.(2)] Есептеу арқылы анықталған жалпы иілетін момент плита енінің бойына үлестірілу керек. Серпімді есептеу кезіндегі теріс моменттер ұстындардың геометриялық ұстындарының жанында шоғырланады.

6.2.3 [I.1.2.(3)] Плиталар ұстын үстілік және аралық сызықтарға (6.1-суретті қараңыз) бөліну керек, ал иілетін моменттер 6.1-кестеге сәйкес үлестірілу керек.



A – ұстын үстілік сызық; B – аралық сызық

6.1-сурет – Аралықсыз аражабындарды сызықтарға бөлу

Ескертпе – Егер ені l_y/3 асатын әсембағандар қолданылған болса, ұстындар сызығының ені әсембаған еніне тең болып алынуы мүмкін. Бұл жағдайда орта сызықтардың ені сәйкесінше дәлдену керек.

6.2.4 [I.1.2(4)] Егер ұстындар сызығының ені 0,5l_x-тен 6.1-суретте көрсетілгендей өзгеше болса және әсембаған еніне тең болып қабылданса, онда аралық сызықтың ені сәйкесінше дәлдену керек.

6.1-кесте- Аралықсыз плиталарға арналған иілетін моменттің ықшамдалған үлестірілулері

	Теріс моменттер	Оң моменттер
Ұстын үстілік сызық	60 %-дан 80 % дейін	50 % -дан 70 % дейін
Аралық сызық	40 %-дан 20 % дейін	50 % -дан 30 % дейін
ЕСКЕРТУ теріс және оң моменттердің ұстын үстілік және аралық сызықтар бірге қабылдауы мүмкін жиынтық мәндерінің қосындысы әрдайым 100 % құрау керек.		

6.2.5 [I.1.2(5)] Периметр бойынша орналасқан сәйкесінше ширатуға арналған аралықтар жоқ болса, онда шеткі және бұрыштық ұстындарға берілетін моменттер $0{,}17 \cdot b_e \cdot d^2 \cdot f_{ck}$ тең тік төртбұрышты қиманың қарсыласу кезіне дейін шектелу керек (b_e анықтау үшін 6.3 және 7.12-суреттерін қараңыз). Шеткі аралықтағы оң момент сәйкесінше дәлдену керек.

6.2.6 Жалпақ плиталар деп нүктелік тіректердегі плиталарды айтады. Контур бойынша тірелген аражабындар плиталарына қарағанда, жалпақ плиталардың бұзылу сызықтары (сызықтық топсалар) екі өзара перпендикулярлы бағыттардың бірімен пайда болуы мүмкін (6.2-сурет). Осы себептен жалпақ плиталар әр бағытта тақтаға салынатын толық жүктемені көтеру керек.



6.2-сурет – Жалпақ плитаның болуы мүмкін бүліну модельдері

Моменттің шеткі ұстындарға берілуі

Шеткі (және бұрыштық) ұстындарда иілуден және шираудан жарықшақтар пайда болатындықтан плиталар мен ұстындар арасындағы моменттердің тиімді берілу ені ішкі ұстындарға қарағанда едәуір қысқа болады. Тәжірибелер негізінде, бұл құбылыс плита (шеткі блоктарсыз) ұстынға бере алатын максималды моментті шектеу жолымен есепке алынады:

$$M_{t,max} = 0,17 \cdot b_e \cdot d^2 \cdot f_{ck}, \qquad (6.1)$$

мұндағы b_e– моментті қабылдайтын сызықтық есептік ені (6.3-сурет);

d–плита қимасының жұмысшы биіктігі.

$M_{t,max}$ серпімді есептеудің нәтижесінде алынған есептік моменттің 50 %-нан немесе қаңқаны есептеудің нәтижесінде алынған есептік моменттің 70 %-нан кем болмау керек. Егер $M_{t,max}$ аталған міндерден кем болса, конструкцияны өзгерту керек.

Шеткі тіректегі есептеудің нәтижесінде алынған иілу моменті $M_{t,max}$ жоғары болса, онда бұл моментті $M_{t,max}$ мәніне дейін азайтып, плитадағы моментті сәйкесінше арттыру керек.



6.3-сурет – Моментті беретін плитаның есептік ені

Моментті шеткі тіректен ұстынға беру үшін ені C_x+2r құрайтын плитаны арматуралау керек (6.4-сурет).

Егер плитаның қалыңдығы 300 мм кем болса, онда $r = C_y$, ал егер артық болса, онда $r = 1,67 \cdot C_y$. Соңғы жағдайда плитаның шетімен шырауына қарсыласуын қамтамасыз ету маңызды. Бұл жағдайда П-тәрізді профильдер (Г-тәрізді профильдерге қарағанда) шырауға жеткілікті қарсыласуды қамтамасыз ете алады (6.5-сурет).



6.4-сурет–Жалпақ плиталар: шеткі ұстын



6.5-сурет –Жалпақ плита: шеткі тіректің арматуралануы

$M_{t,max}$ иілу моменттері ұстынға контурлық арқалық (плитаның сызығы болуы мүмкін) созылуға қарсыласуға қабілетті болса ғана беріле алады.

Эквиваленттік жақтаулар әдісімен есептеуді кез-келген стандартты сызықтық серпімді әдістің көмегімен, мысалы, моменттердің қайта бөлінетіндігін ескеру [5,7,8] арқылы және реттік шамалау әдісімен жүргізуге болады.

Арқалықсыз жалпақ аражабындары бар темірбетон қаңқасын статикалық есептеу мына элементтерден құралады:

–беларқалары жалпақ аражабындар болып табылатын жақтау қаңқасын есептеу (плиталар мен ұстындардағы жиынтық ішкі күш салуларды анықтау үшін);

–беларқа-плита енінің бойына иілу моменттерді үлестіру және тиісті қималардың иілгіштігін тексеру;

–плиталардың майысқыштығын және ұстындардың орталығынан тыс сығылуын есептеу.

6.3 Есептеу мысалдары

Есептеу үшін жартылай төлелі, беларқалықсыз қаңқада салынған екі қабатты ғимаратты аламыз. Қаңқа конструкцияларын эквиваленттік жақтаулар әдісімен егжей-тегжейлі есептеу жолы осы құралдың В Қосымшасында келтірілген.

В.3-кестесінде сыртқы жүктеулерден орын алатын түйіндік моменттер көрсетілген (В Қосымшасын қараңыз).

Осы жұмыстың ұсыныстарына сәйкес (6.2.3 т., 6.1-кестені қараңыз) иілу моменттерді үлестіреміз. Көлденең бағыттың моменттерін M_x, ал бойлық бағыттың моменттерін M_y деп белгілейміз (6.6-сурет).



6.6-сурет – Аражабын плиталарындағы моменттер әрекетінің бағыттары

Тірек моменттерін 6.1-кестеге сәйкес үлестіреміз

Жақтаудың үстіңгі ярусының плиталары

№ 1 плита. Екі бағытта да тірек моменті ұстын үстілік сызықта

$$M_x = M_y = -0{,}72 \times 164{,}4 = -118{,}4 \text{ кН} \cdot \text{м}.$$

№ 2 плита:

$M_x = 0{,}52 \times 268 = 139{,}4$ кН · м – ұстын үстілік сызықтағы аралық момент;

$M_y = -0{,}28 \times 164{,}4 = -46{,}03$ кН · м – аралық сызықтағы тірек моменті;

№ 3 плита. Екі бағытта да тірек моменті ұстын үстілік сызықта:

$$M_x = -0{,}72 \times 216 = -155{,}5 \text{ кН} \cdot \text{м};$$
$$M_y = -0{,}72 \times 164{,}4 = -118{,}4 \text{ кН} \cdot \text{м}.$$

№ 4 плита:

M_x – аралық сызықтағы тірек моменті;

$$M_x = 0{,}72 \times 216 = -155{,}5 \text{ кН} \cdot \text{м};$$
$$M_x = -0{,}28 \times 164{,}4 = -46{,}03 \text{ кН} \cdot \text{м};$$

M_y – ұстын үстілік сызықтағы аралық момент;

$$M_y = -0{,}52 \times 268 = 139{,}36 \text{ кН} \cdot \text{м}.$$

№ 5 плита:

M_x и M_y – аралық сызықтардағы аралық моменттер;

$$M_x = M_y = 0{,}48 \times 268 = 128{,}64 \text{ кН} \cdot \text{м}.$$

№ 6 плита:

M_x – аралық сызықтағы тірек моменті;

$$M_x = 0{,}28 \times 216 = -60{,}48 \text{ кН} \cdot \text{м};$$

M_y – ұстын үстілік сызықтағы аралық момент;

$$M_y = 0{,}52 \times 268 = 139{,}36 \text{ кН} \cdot \text{м}.$$

№ 7 плита:

M_x и M_y – ұстын үстілік сызықтағы тірек моменттері:

$$M_x = -0{,}72 \times 164{,}4 = -118{,}37 \text{ кН} \cdot \text{м};$$
$$M_y = -0{,}72 \times 216 = -155{,}5 \text{ кН} \cdot \text{м}.$$

№ 8 плита:

M_x– ұстын үстілік сызықтағы тірек моменті:

$$M_x = 0{,}52 \times 268 = 139{,}36 \text{ кН} \cdot \text{м};$$

M_y – аралық сызықтағы тірек моменті;

$$M_y = -0{,}28 \times 216 = -60{,}48 \text{ кН} \cdot \text{м}.$$

№ 9 плита:

M_x и M_y – ұстын үстілік сызықтағы тірек моменттері;

$$M_x = M_y = -0{,}72 \times 216 = -155{,}5 \text{ кН} \cdot \text{м}.$$

Жақтаудың орта ярусының плиталары

№ 1 плита:

$$M_x = M_y = -0{,}72 \times 261{,}9 = -188{,}57 \text{ кН} \cdot \text{м}.$$

№ 2 плита:

$$M_x = 0{,}52 \times 328 = 170{,}56 \text{ кН} \cdot \text{м};$$
$$M_y = -0{,}28 \times 276{,}6 = -77{,}45 \text{ кН} \cdot \text{м}.$$

№ 3 плита:

$$M_x = -0{,}72 \times 276{,}6 = 199{,}15 \text{ кН} \cdot \text{м};$$
$$M_y = -0{,}72 \times 261{,}9 = -188{,}57 \text{ кН} \cdot \text{м}.$$

№ 4 плита:

$$M_x = -0{,}28 \times 261{,}9 = -73{,}33 \text{ кН} \cdot \text{м};$$
$$M_y = -0{,}52 \times 328 = -170{,}56 \text{ кН} \cdot \text{м}.$$

№ 5 плита:

$$M_x = M_y = 0{,}48 \times 328 = 157{,}44 \text{ кН} \cdot \text{м}.$$

№ 6 плита:

$$M_x = -0{,}28 \times 276{,}6 = -77{,}45 \text{ кН} \cdot \text{м};$$
$$M_y = 0{,}52 \times 328 = 170{,}56 \text{ кН} \cdot \text{м}.$$

№ 7 плита:

$$M_x = -0{,}72 \times 261{,}9 = -188{,}57 \text{ кН} \cdot \text{м};$$
$$M_y = -0{,}72 \times 276{,}6 = -199{,}15 \text{ кН} \cdot \text{м}.$$

№ 8 плита:

$$M_x = 0{,}52 \times 328 = 170{,}56 \text{ кН} \cdot \text{м};$$
$$M_y = -0{,}28 \times 276{,}6 = -77{,}45 \text{ кН} \cdot \text{м}.$$

№ 9 плита:

$$M_x = M_y = -0{,}72 \times 276{,}6 = -199{,}15 \text{ кН} \cdot \text{м}.$$

Жақтаудың төменгі ярусының плиталары

№ 1 плита:

$$M_x = M_y = -0{,}72 \times 124{,}9 = -89{,}93 \text{ кН} \cdot \text{м}.$$

№ 2 плита:

$$M_x = 0{,}52 \times 226{,}7 = 117{,}88 \text{ кН} \cdot \text{м};$$
$$M_y = -0{,}28 \times 124{,}9 = -34{,}97 \text{ кН} \cdot \text{м}.$$

№ 3 плита:

$$M_x = -0{,}72 \times 366 = -263{,}52 \text{ кН} \cdot \text{м};$$
$$M_y = -0{,}72 \times 124{,}9 = -89{,}93 \text{ кН} \cdot \text{м}.$$

№ 4 плита:

$$M_x = -0{,}28 \times 366 = -102{,}48 \text{ кН} \cdot \text{м};$$
$$M_y = 0{,}52 \times 226{,}7 = 117{,}88 \text{ кН} \cdot \text{м}.$$

№ 5 плита:

$$M_x = M_y = 0{,}48 \times 226{,}7 = 108{,}82 \text{ кН} \cdot \text{м}.$$

№ 6 плита:

$$M_x = -0{,}28 \times 366 = -102{,}48 \text{ кН} \cdot \text{м};$$
$$M_y = 0{,}52 \times 226{,}7 = 117{,}88 \text{ кН} \cdot \text{м}.$$

№ 7 плита:

$$M_x = -0{,}72 \times 124{,}9 = -89{,}93 \text{ кН} \cdot \text{м};$$
$$M_y = -0{,}72 \times 366 = -263{,}52 \text{ кН} \cdot \text{м}.$$

№ 8 плита:

$$M_x = 0{,}52 \times 226{,}7 = 117{,}88 \text{ кН} \cdot \text{м};$$
$$M_y = -0{,}28 \times 366 = -102{,}48 \text{ кН} \cdot \text{м}.$$

№ 9 плита:

$$M_x = M_y = -0{,}72 \times 366 = -263{,}52 \text{ кН} \cdot \text{м}.$$

6.3.1 Үлестірілген иілу моменттерден аражабындар плиталары жақтауларын есептеу

Үш типті: ұстын үстілік, ұстын аралық және орта плиталарға арналған арматураны ең жоғарғы иілетін моменттер бойынша таңдап аламыз.

1-мысал

№ 9 ұстын үстілік плитаны қарастырайық;

M_x и M_y- ұстын үстілік сызықтағы тірек моменттері;

$$M_x = M_y = M_{Eds} = -0{,}72 \times 366 = -263{,}52 \text{ кН} \cdot \text{м}.$$

Қиманың сипаттамасы: өлшемдері $b = 3000$ мм;h= 200 мм; c_1 = 25 мм плита (6.7-сурет); С25/30 (f_{ck}= 25 МПа, γ_c= 1,5, f_{cd}= $\alpha_{cc} \cdot f_{ck}/\gamma_c$= 0,85·25/1,5 = 14,2 МПа, α_{cc}= 0,85) класты қалыпты бетоны. Арматура класы St500 (f_{yk}= 500 МПа, $f_{yd} = f_{yk}/\gamma_s$= 500/1,15 = 435 МПа).



6.7-сурет – Плита (№ 2 есептеуге қатысты)

Коэффициенттің мәнін анықтаймыз

$$a_{Eds} = \frac{M_{Eds}}{f_{cd} \cdot b \cdot d^2} = \frac{263{,}52 \times 10^6}{14{,}2 \times 3000 \times 175^2} = 0{,}202 \le a_{Eds,lim} = 0{,}372 \text{ (см. Г.1-сурет)}$$

мұндағы $d = h - c_1$= 200-25 =175 мм.

Г.1-кестесі бойынша қалыпты бетон үшін $\le$ С50/60

$a_{Eds} = 0{,}202$ и $\sigma_{sd} = f_{yd} = 435$ МПа $\rightarrow \omega = 0{,}2355, \zeta = \frac{z}{d}$ = 0,857, z = 0,857·175 =150 мм.

Созылған арматураның талап етілетін аудандары:

$$A_{s1} = \frac{1}{\sigma_{sd}}(\omega \cdot b \cdot d \cdot f_{cd} + N_{Ed}) = \frac{1}{435}(0{,}2355 \times 3000 \times 175 \times 14{,}2) = 4036 \text{ мм}^2.$$

Екі бағыттағы 150 мм $Ø16\ St500$ арматураны қабылдаймыз. Арматура үстіңгі аймақта арматураланады ($A_{s1} = 4223$ мм^2).

2-мысал

№ 6 ұстын аралық плитаны қарастырайық. Плита қимасының сипаттамалары №1 мысалдағыдай қабылданған.

M_x и M_y- аралық сызықтағы тірек моменттері;

$$M_x = -0{,}28 \times 276{,}6 = -77{,}45 \text{ кН} \cdot \text{м};$$

$$M_y = 0{,}52 \times 328 = 170{,}56 \text{ кН} \cdot \text{м}.$$

Коэффициенттің M_yмоментіндегі мәнін анықтаймыз

$$\alpha_{Eds} = \frac{M_{Eds}}{f_{cd} \cdot b \cdot d^2} = \frac{170{,}56 \times 10^6}{14{,}2 \times 3000 \times 175^2} = 0{,}130 \ \leq \alpha_{Eds,lim} = 0{,}372$$ (Г.1-сурет, Г Қосымшасы)

мұндағы d = $h - c_1$=200-25 =175 мм.

Г.1-кестесі бойынша қалыпты бетон үшін ≤ С50/60

$\alpha_{Eds} = 0{,}130$ и $\sigma_{sd} = f_{yd} = 434{,}8$ МПа $\rightarrow$ $\omega = 0{,}1422, \zeta = \frac{z}{d}$ = 0,914,z =0,914·175= 160 мм.

Созылған арматураның талап етілетін а аудандары:

$$A_{s1} = \frac{1}{\sigma_{sd}}(\omega \cdot b \cdot d \cdot f_{cd} + N_{Ed}) = \frac{1}{434{,}8}(0{,}1422 \cdot 3000 \cdot 175 \cdot 14{,}2) = 2437 \text{ мм}^2.$$

Коэффициенттің M_x моментіндегі мәнін анықтаймыз

$$\alpha_{Eds} = \frac{M_{Eds}}{f_{cd} \cdot b \cdot d^2} = \frac{77{,}45 \times 10^6}{14{,}2 \times 3000 \times 175^2} = 0{,}0594 \ \leq \alpha_{Eds,lim} = 0{,}372$$ (см. Г.1-сурет)

мұндағы $d = h - c_1$= 200-25 =175 мм.

Г.1-кестесі бойынша қалыпты бетон үшін ≤ С50/60

$\alpha_{Eds} = 0{,}0594$ и $\sigma_{sd} = f_{yd} = 434{,}8$ МПа $\rightarrow$ $\omega = 0{,}0625,\ \zeta = \frac{z}{d}$=0,960, z =0,960·175=168 мм.

Созылған арматураның талап етілетін аудандары:

$$A_{s1} = \frac{1}{\sigma_{sd}}(\omega \cdot b \cdot d \cdot f_{cd} + N_{Ed}) = \frac{1}{434{,}8}(0{,}0625 \times 3000 \times 175 \times 14{,}2) = 1071 \text{ мм}^2.$$

Осылайша, плита қадамы 150 мм құрайтын $Ø14\ St500$ арматурасынан төменгі тормен жақтаудың көлденең бағытымен және қадамы 150 мм құрайтын $Ø10\ St500$

арматурасынан үстіңгі тормен жақтаудың бойлай бағытымен арматураланады. Екі тордағы да үлестіру арматурасы $\emptyset 10\ St500$

3-мысал

№ 5 ұстынаралық плитаны қарастырайық. Плита қимасының сипаттамалары №1 мысалдағыдай алынған.

M_x и M_y-аралық сызықтағы аралық моменттер;

$$M_x = M_y = 0{,}48 \times 328 = 157{,}44 \text{ кН} \cdot \text{м}.$$

Коэффициенттің мәнін анықтаймыз

$$a_{Eds} = \frac{M_{Eds}}{f_{cd} \cdot b \cdot d^2} = \frac{157{,}44 \times 10^6}{14{,}2 \times 3000 \times 175^2} = 0{,}120 \le a_{Eds,lim} = 0{,}372 \text{ (см. Г.1-сурет)}$$

мұндағы d = $h - c_1$ = 200-25 =175 мм.

Г.1-кестесі бойынша қалыпты бетон үшін $\le$ C50/60 $a_{Eds} = 0{,}120$ и $\sigma_{sd} = f_{yd} =$ 434,8 МПа $\rightarrow$ $\omega = 0{,}1303$, $\zeta = \frac{z}{d}$ = 0,921, z = 0,921·175= =161 мм.

Созылған арматураның талап етілетін аймағының аудандары:

$$A_{s1} = \frac{1}{\sigma_{sd}}(\omega \cdot b \cdot d \cdot f_{cd} + N_{Ed}) = \frac{1}{434{,}8}(0{,}1303 \times 3000 \times 175 \times 14{,}2) = 2233 \text{ мм}^2.$$

Плитаның төменгі аймағындағы екі бағыттағы қадамы да 150 мм құрайтын жұмысшы арматураны аламыз ($A_{s1} = 3231$ мм^2).

6.3.2 Ұстынды есептеу

Мысал

Жақтаудың төменгі ярусының шеткі ұстынын есептейміз: Тік төртбұрышты қима ұстындарының өлшемдері *b*= 400 мм, *h*= 400 мм; c_1 = 25 мм. Қалыпты бетон класы C16/20 (f_{ck}=16 МПа, γ_c= 1,5, f_{cd}= $\alpha_{cc} \cdot f_{ck}/\gamma_c$=0,85· 16/1,5 =9,1 МПа, α_{cc}= 0,85). Арматураның класы St500 (f_{yk}=500 МПа,$f_{yd} = f_{yk}/\gamma_s$= 500/1,15 = 435 МПа, $E_s = 20 \cdot 10^4$МПа). Бетон класы $C16/20$, $E_{cm} = 29\ ГПа$, $I = 2{,}1 \cdot 10^9 мм^4$. Иілу моменті M_{Ed}=$M_x = M_y$=79,6 кН·м және бойлық күш

$$N_{Ed} = 187 + 221{,}7 + 184 + 48{,}6 + 78 + 65{,}2 \times 1{,}5 + 74{,}7 \times 1{,}5 = -929 \text{ кН}.$$

Ұстынның есептік ұзындығын, ұстынның икемділігін, ұстындарға арналған иілімділік критерийі және ұстындар арматуралырының бойлық қималарының іріктелімдерін анықтаймыз.

Ұстынның есептік ұзындығын анықтау

Бекіту талаптарына сәйкес 6.7-суретті қараңыз ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 $l_0 = 0{,}5l = 0{,}5 \cdot 4{,}5 = 2{,}25$м.

Элементтің еркін ұзындығы тіректің үстіңгі және астыңғы бөліктеріндегі босатпаларды ескере отырып ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 5.8.3.2(3)-т. (5.15) формуласы бойынша анықтаймыз:

$$l_0 = 0{,}5l \cdot \sqrt{\left(1 + \frac{k_1}{0{,}45 + k_1}\right) \cdot \left(1 + \frac{k_1}{0{,}45 + k_1}\right)};$$

мұндағы $k_1 = 0{,}1$-ұсыныстарға сәйкес

$$l_0 = 0{,}5 \cdot 4{,}5 \cdot \sqrt{\left(1 + \frac{0{,}1}{0{,}45+0{,}1}\right) \times \left(1 + \frac{0{,}1}{0{,}45+0{,}1}\right)} = 2{,}25 \times 1{,}182 = 2{,}66 \text{ м.}$$

$$2{,}66 > 0{,}5 \cdot l = 1{,}75 \text{ м}$$

$l_0 = 2{,}66$ м. қабылдаймыз

Ұстынның шекті иілгіштігін анықтаймыз

Екінші түрге жататын әсерлер λ иілгіштік элементтің λ_{lim} шекті иілгіштігінен кем болса ескерілмеуі мүмкін.

$$\lambda \leq \lambda_{lim}$$

Иілгіштік мына формула бойынша анықталады

$$\lambda = \frac{l_0}{i},$$

мұндағы l_0 - есептік ұзындық, 5.8.3.2 (2) – (7) қара ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011;
i - жарықтары жоқ бетонның қимасы үшін инерция радиусы.

$$i = \sqrt{\frac{I}{A_c}} = \sqrt{\frac{2{,}1 \times 10^9}{400 \times 400}} = 114{,}6 \text{ мм};$$

$$\lambda = \frac{2660}{114{,}6} = 23{,}21.$$

λ_{lim} ұсынылатын мәні (5.13N) формула бойынша анықталады ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011

$$\lambda_{lim} = \frac{20 \cdot A \cdot B \cdot C}{\sqrt{n}};$$

$$A = \frac{1}{1 + 0{,}2 \cdot \phi_{ef}}.$$

Мәліметтер жоқ болған жағдайда A=0,7 деп алуға болады.

Тиімді жылжығыштық коэффициенті (5.19) формуласы бойынша анықталады 5.8.4 т.т. қараңыз ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011:

$$\varphi_{\text{ef}} = \frac{\varphi_{(\infty,\text{t0})} \cdot M_{0\text{Eqp}}}{M_{0\text{Ed}}},$$

мұндағы $\varphi_{(\infty,t0)}$- жылжығыштық коэффициенті;

$M_{0Eqp} = 71{,}2\ кН \cdot м$- моменттің сипаттамалық мәні (SLS) (екінші түрдегі талдау ескерілмеген (иілгіш кезеңде));

$M_{0Ed} = 79{,}6\ кН \cdot м$- моменттің есептік мәні (ULS) (екінші түрдегі талдау ескерілмеген (иілгіш кезеңде)).

Бетонның жылжығыштығы:

Жылжығыштық коэффициентін анықтаймыз $\varphi(t, t_0)$ (Б Қосымшасын қараңыз)

$$\varphi(t, t_0) = \varphi_0 \cdot \beta_c(t, t_0),$$

мұндағы $\beta_c(t, t_0) = 1$ при $t = \infty$.

$$\varphi_0 = \varphi_{RH} \cdot \beta(f_{cm}) \cdot \beta(t_0),$$

мұндағы φ_{RH} – ылғалдықтың жылжығыштық коэффициентіне әсерін сипаттайтын коэффициент.

$$f_{cm} = f_{ck} + 8 = 16 + 8 = 24\ \text{МПа}$$

$f_{cm} = 24\ \text{МПа} < 35\ \text{МПа}$ үшін

$$\varphi_{RH} = 1 + \frac{1 - \frac{RH}{100}}{0{,}1 \cdot \sqrt[3]{h_0}};$$

$$h_0 = \frac{2 \cdot A_c}{u} = \frac{2 \times 400 \times 400}{1600} = 200\ \text{мм},$$

мұндағы A_c – бетон қимасының ауданы;

u – қиманың периметрі.

Бетонның салыстырмалы ылғалдығы 80%(RH=80%)

$$\varphi_{\mathrm{RH}} = 1 + \frac{1 - \frac{RH}{100}}{0{,}1 \times \sqrt[3]{h_0}} = 1 + \frac{1 - \frac{80}{100}}{0{,}1 \times \sqrt[3]{200}} = 1{,}343\,,$$

мұндағы β (f_{cm}) –бетонның сығу кезіндегі беріктілігінің шартты жылжу коэффициентіне әсерін есепке алатын коэффициент

$$\beta(f_{\mathrm{cm}}) = \frac{16{,}8}{\sqrt{f_{\mathrm{cm}}}} = \frac{16{,}8}{\sqrt{24}} = 3{,}43\,,$$

мұндағы β (t_0) - бетон жасының алғашқы жүктеу кезіндегі шартты жылжу коэффициентіне әсерін есепке алатын коэффициент.

$$\beta(t_0) = \frac{1}{(0{,}1 + t_0^{0{,}2})} = \frac{1}{(0{,}1 + 30^{0{,}2})} = 0{,}48\,;$$

Жылжығыштық коэффициентінің мәні:

$$\varphi(\infty, t_0) = \varphi_0 = 1{,}343 \times 3{,}43 \times 0{,}48 = 2{,}21;$$

Жылжығыштықты анықтауды қажет етпейтін шарттар:

$$\varphi(\infty, t_0) = 2{,}21 \geq 2,$$

$$\lambda = 23{,}21 < 75,$$

$$\frac{M_{0Ed}}{N_{Ed}} = \frac{79600000}{929000} = 85{,}7 < 400,$$

мұндағы h –моменттің әсер ету жазықтығындағы қиманың биіктігі;

$\frac{M_{0\mathrm{Ed}}}{N_{\mathrm{Ed}}} \geq h$ шарты орындалмаса, жылжығыштықты ескер керек

$$\varphi_{ef} = \frac{2{,}21 \times 71{,}2}{79{,}6} = 1{,}98;$$

$$A = \frac{1}{1 + 0{,}2 \times 1{,}98} = 0{,}72;$$

$$B = \sqrt{1 + 2 \cdot \omega}.$$

Мәліметтер жоқ болған жағдайда $B = 1{,}1$ деп қабылдауға болады (5.8.3.1 т.т. қараңыз ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011).

$C = 1{,}7 - r_m$ (см. п.п. 5.8.3.1 ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011).

$$r_m = \frac{M_{01}}{M_{02}} = \frac{54{,}9}{79{,}6} = 0{,}69$$

$$|M_{02}| > |M_{01}|$$

6.8-сурет – Ұстынның эпюрасы

Біздің жағдайда $C = 1{,}7 - 0{,}69 = 1{,}01$ деп аламыз (6.8-сурет).

$$r_m = 0{,}69.$$

Салыстырмалы бойлық күш салу n (5.8.3.1 т.т. қараңыз ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011):

$$n = \frac{N_{Ed}}{A_c \cdot f_{cd}} = \frac{929000}{400 \times 400 \times 9{,}1} = 0{,}64;$$

$$\lambda_{lim} = \frac{20 \times 0{,}72 \times 1{,}1 \times 1{,}01}{\sqrt{0{,}64}} = 20.$$

$$\lambda = 23{,}21 > \lambda_{\lim} = 20.$$

Иілгіштігі жеткіліксіз, демек, екінші түрдегі әсерлерді ескеру керек.

$$\lambda = 23{,}21 > \lambda_{\lim} = 20.$$

$I_c = 2{,}1 \times 10^9$ мм^4 – Бетон қимасының инерция моменті
$\varphi_{ef} = 1{,}98.$

Номиналды қаттылықты анықтаймыз (5.8.7.2 т.т. қараңыз ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011), жалпы есептік момент.

Иілу кезіндегі номиналды қаттылық (5.21) ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011:

$$EI = K_c \cdot E_{cd} \cdot I_c + K_s \cdot E_s \cdot I_s,$$

мұндағы E_{cd} - бетон иілгіштігінің есептік модулі

$$E_{cd} = \frac{E_{cm}}{\gamma_{cE}},$$

мұндағы $\gamma_{cE} = 1{,}2$ - ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 көрсетілген коэффициент.

$$E_{cd} = \frac{29}{1{,}2} = 24{,}17 \text{ ГПа},$$

мұндағы $I_c = 2{,}1 \cdot 10^9 \text{мм}^4$ – бетон қимасының инерция моменті;

K_c – жарықтардың пайда болуын, материалдың сызықсыздығын және бетонның жылжығыштығын ескеретін фактор.

$$K_c = \frac{k_1 \cdot k_2}{1+\varphi_{ef}}, \quad k_1 = \sqrt{\frac{f_{ck}}{20}} = \sqrt{\frac{16}{20}} = 0{,}894;$$

$$k_2 = n \cdot \frac{\lambda}{170} = 0{,}64 \times \frac{23{,}21}{170} = 0{,}087;$$

$$K_c = \frac{0{,}894 \times 0{,}087}{1 + 1{,}98} = 26 \times 10^{-3}.$$

мұндағы $E_s = 195$ ГПа- болаттың иілгіштік модулі;

$K_s = 1{,}0$ – арматуралаудың қаттылыққа салатын үлесін ескеретін фактор;

$I_s = 4{,}7 \cdot 10^7 \text{мм}^4$ – арматураның бетон қимасы ауырлығының орталығына қатысты инерциясы .

$$EI = 26\times10^{-3}\times24{,}17\times10^3\times2{,}1\times10^9+1\times195\times10^3\times4{,}7\times10^7=1{,}05\times10^{13} \text{ Н·мм}^2.$$

Тірек үстінің бастапқы жылжуы (геометриялық жетілмегендік) (5.2 т.т. қараңыз ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011):

$$\theta_i = \theta_0 \cdot \alpha_h$$

$$\alpha_h = \frac{2}{\sqrt{l}} = \frac{2}{\sqrt{4{,}5}} = 0{,}943.$$

ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 сәйкес $\alpha_h \leq 1$

$$\theta_0 = \frac{1}{200},$$

мұндағы θ_0- параметрдің мәні ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 ұсыныстарына сәйкес қабылданады.

$$l \cdot \theta_i = 4500 \times \frac{1}{200} \times 0{,}943 = 21{,}22 \text{ мм.}$$

Бірінші түрдегі иілетін момент

$$M_{0Ed} = M + N_{ed} \cdot l \cdot \theta_i = 79{,}6 + 929 \times 0{,}02122 = 99{,}32 \text{ кН} \cdot \text{м}$$

Екінші түрдегі әсерлер кіретін толық иілетін момент

$$M_{Ed} = M_{0Ed} \cdot \left[1 + \frac{\beta}{\frac{N_b}{N_{Ed}} - 1}\right],$$

$$N_b = \frac{\pi^2 \cdot EI}{{l_0}^2} = \frac{3{,}14^2 \times 1{,}05 \times 10^{18}}{2660^2} = 1{,}46 \times 10^7 \text{ Н},$$

$$\beta = \frac{\pi^2}{c_0} = \frac{3{,}14^2}{8} = 1{,}23,$$

мұндағы $c_0 = 8$ – қисықтық коэффициенті, егер қисықтық тұрақты болса;
$c_0 = \pi^2$- синус бойынша қисықтық үшін.

$$M_{Ed} = 99{,}32 \times \left[1 + \frac{1{,}23}{\frac{1{,}46 \times 10^4}{1600} - 1}\right] = 114{,}36 \text{ кН} \cdot \text{м.}$$

Бойлық арматура қимасының ауданын НТҚ-02-02-2011 талаптарына сәйкес анықтаймыз.

Ұстындарды есептеу.$d = h - c_1$ = 400-25=375 мм .

$\frac{e_d}{h} = \left|\frac{M_{Ed}}{N_{Ed} \cdot h}\right| = \left|\frac{114{,}36}{(-929) \times 0{,}40}\right|$ =0,308< 3,5 → есептеуді a – v итерациялық диаграмманың көмегімен жүргіземіз

a_{Eds} және v_{Ed} мәндерін мына формулалар арқылы табамыз:

$$a_{Eds} = \frac{M_{Ed}}{f_{cd} \cdot b \cdot h^2} = \frac{114{,}36 \times 10^6}{9{,}1 \times 400 \times 400^2} = 0{,}196.$$

және

$$v_{Ed} = \frac{N_{Ed}}{f_{cd} \cdot b \cdot d} = \frac{-929000}{9{,}1 \times 400 \times 400} = -0{,}638.$$

Бойлық арматураның талап етілетін ауданын $\frac{c_1}{h} = \frac{25}{400} = 0{,}06 \approx 0{,}05$ қарай Г.2-суретке сәйкес анықтаймыз (Г қосымшасын қараңыз) → $\omega_{tot} = 0{,}25$.

$$A_{s,tot} = \omega_{tot} \cdot \frac{b \cdot h}{f_{yd}/f_{cd}} = 0{,}25 \times \frac{400 \times 400}{435/9{,}1} = 836{,}82 \text{ мм}^2,$$

$$A_{s1} = A_{s2} = \frac{A_{s,tot}}{2} = \frac{836{,}82}{2} = 418{,}41 \text{ мм}^2.$$

4Ø20 $St500$ ($A_{s1} + A_{s2} = 509 + 509 = 1018$ мм^2). қабылдаймыз

7 ЖАНШЫЛУ (ЖЕРГІЛІКТІ КЕСІЛУ)

7.1 Жалпы ережелер мен анықтамалар

7.1.1 Темірбетон конструкцияларын жаншылу (жергілікті кесу) осы нормативтік құралда жүктеу ауданы деп аталатын салыстырмалы түрде шағын аудандарға салынған шоғырланған күштердің немесе реакциялардың әсер етуінің нәтижесі болып табылады.

Нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес конструкцияның жергілікті кесу кезіндегі шекті жағдайы ең төменгі табаны жүктеу ауданын анықтайтын жүк алаңшасының контурымен сызылған, ал бүйірлі беттері көлденең сызыққа еңістеніп еңкейтілген қиық пирамиданың пайда болуымен сипатталады. Бұл жағдайда майысуға жалпы жағдайдағы беріктік бақылау қимасының периметріне, плитаның есептік ұзындығына және бетонның кесілуге қарсыласуына байланысты:

$$V_{Ed} \leq V_{cd,sh} = f_{cd,sh} \cdot u_1 \cdot d, \tag{7.1}$$

мұндағы V_{Ed} - жаншылатын күш;

$V_{cd,sh}$ – плитаның бетоны жаншылу кезінде қабылдайтын күш;

$f_{cd,sh}$ – майыстыру кезінде бетонның қиылуға есептік кедергісі;

u_1 – шартты бақылау қимасының периметрі;

d – плитаның жұмысшы биіктігі.

7.1-суретте көрсетілген есептік модельге сәйкес жаншылуға беріктік есептік бақылау периметрінің бойымен анықталады. Критикалық периметрден тыс аймақтарда плитаның қиылуға есебін 7.2 НТҚ-02-02-2011 тарауда көрсетілген жалпы ережелерге сәйкес жүргізу керек.



7.1-сурет – Жаншылу (жергілікті кесу) кезінде көтергіш қабілетті анықтауға арналған есептік модельдің суреттелуі

Жүктеу ауданы

7.1.2 Жергілікті қиылуға беріктікті есептеудің осы нормативтік-техникалық құралға енгізілген әдістері A_{load} (мұндағы *d*- плита қимасының жұмысшы биіктігі) жүктеу аудандарының келесі типтері үшін қолданылады:

–айналма типтер, диаметрі 3,5 *d* жоғары;

–тік төртбұрышты типтер, периметрі 11 *d* жоғары және ұзындығының еніне қатынасы 2-ден жоғары;

–өлшемдерді жоғарыда суреттелген стандартты формаларға баламала шектеу кезінде басқа да типтер.

Егер қойылған талаптар 7.2-суретте көрсетілген жүктеу аудандарының жекелеген бөліктері үшін орындалмаса, НТҚ-02-02-2011 7.2-тарауда қарастырылған қиылуға есептеудің ережелері қолданылады.

Есептік (бақылау) периметрі

Жоспардағы плитаның бос шеттерінен алшақ орналасқан айналма және тік төртбұрышты жергілікті жүктеу аудандары үшін u_1 бақылау периметрін сыртқы қырлардан $2d$ ара қашықтықта орналасқан периметр ретінде анықтау қажет (7.3-сурет).

Плиталардың бос шектеріне және бұрыштарына, саңылауларға жақын орналасқан жүктеу аудандары үшін егер бақылау периметрінен немесе саңылаудан қашықтығы $6d$ кем болса, бақылау периметрінің ұзындығын 7.4-суретке сәйкес анықтау керек.

A_{cont} есептік (бақылау) ауданы – бұл есептік (бақылау) периметрінің ішіндегі аудан



7.2-сурет – Қатардан тыс жағдайларда жаншылуға және қиылуға есептеу жағдайларын қолдану



7.3-сурет- Плитаның бос шектерінен және саңылаулардан алшақталған жүктеу аудандарына арналған бақылау периметрі



7.4-сурет – а) – саңылауларға, б) – бос шектерге, в) – плиталар бұрыштарына жақын орналасқан жүктеу аудандарына арналған бақылау периметрі

Есептік (бақылау) қимасы

Бақылау периметрін плитаның жұмысшы биіктігі шектерінде жалғайтын қима критикалық қима болып табылады (d). Биіктігі тұрақты плиталарда бақылау қимасы плитаның орталық жазықтығына перпендикулярлы, ал қалыңдығы ауыспалы плиталар үшін ол ең созылған қырға перпендикуляр ретінде қарастырылады.

Плиталардың жаншылуға (жергілікті қиылуға) беріктігін тексеру кезінде элементтердің қалыңдығы бетонның жергілікті майыстыратын жүктеуден туындаған кесетін күшті қабылдауы тұрғысынан жеткілікті болып табылатындығын ескеру керек.

Егер тіректің реакциясы бақылау периметріне қатысты эксцентриситетпен әсер етсе, қиылудың максималды кернеуін мына формула бойынша анықтау керек:

$$v_{\mathrm{Ed}} = \beta \cdot \frac{V_{\mathrm{Ed}}}{u_{\mathrm{i}} \cdot d}, \tag{7.2}$$

мұндағы d - плитаның $(d_y + d_z)/2$ тең деп алынатын орташа пайдалы биіктігі;

d_y, d_z - плитаның y және z бағыттарындағы сәйкесінше бақылау қимасындағы пайдалы биіктігі;

u_i - қарастырылып жатқан бақылау периметрінің ұзындығы;

β – орталықтан тыс салынған жүктеудің әсерін ескеретін коэффициент (эксцентриситет жоқ болған жағдайда $\beta = 1{,}0$ қабылдау керек). β коэффициентінің мәнін 7.5-суретке сәйкес майыстыратын күш орталықтан тыс салынған жағдайда ұстындар үшін пайдалану керек.



7.5-сурет - (7.2) формуласындағы ß коэффициенттерінің мәндері

7.1.3 Көлденең арматураланбаған плитаның жаншылуға (жергілікті кесуге) беріктігін мына шарттан тексеру қажет:

$$V_{Ed} \leq V_{Rd,c}, \tag{7.3}$$

мұндағы

$$V_{Rd,c} = 0{,}12 \cdot k \cdot (100 \cdot \rho_l \cdot f_{ck})^{\frac{1}{3}} \geq v_{min},$$

но менее $0{,}035 \cdot k^{\frac{3}{2}} \cdot f_{ck}^{\frac{1}{2}}$;

$$k = 1 + \sqrt{\frac{200}{d}} \leq 2 \left(d \text{ в мм}\right);$$

$$\rho_1 = \sqrt{\rho_{1x} \cdot \rho_{1y}} \leq 0{,}02;$$

ρ_{1y}, ρ_{1z} – y - бағытындағы және z– бағытындағы сәйкесінше бойлық арматуралау коэффициенттері;

$$d = 0{,}5(d_y + d_z),$$

d_y, d_z – плитаның бақылау қимасында анықталатын сәйкесінше *y* - бағытындағы және *z* – бағытындағы жұмысшы биіктіктері;

$$\sigma_{cp} = \frac{\sigma_{cy} + \sigma_{cz}}{2},$$

мұндағы σ_{cy}, σ_{cz} - бетондағы *y* және *z* осьтарының бағыты бойынша есептік қимаға арналған қалыпты кернеулер («минус» таңбасын сығылу кезінде пайдаланады).

Әр бағыттағы бойлық арматураның ауданын тиісті бағыттың бақылау қимасы ауданының 0,02-ден кем емес көлемде белгілеу керек.

Егер (7.3) шарты орындалмаса, көлденең арматуралауды майыстыру шартынан есептік шартты белгілеу керек.

Көлденең арматураланған плитаның майысуға (жергілікті кесілуге) көтергіш қабілетін мына шарттардан анықтау қажет

$$V_{Ed} < V_{Rd,max}, \tag{7.4}$$

$$V_{Ed} < V_{Rd,sy}, \tag{7.5}$$

мұндағы $V_{Rd,max} = 1{,}5\ V_{Rd,c}$;

Егер көлденең арматура қажет болса, онда оны мына формула бойынша анықтау керек:

$$v_{Rd,cs} = 0{,}75v_{Rd,c} + 1{,}5 \cdot \frac{d}{s_r} \cdot A_{sw} \cdot f_{ywd,ef} \cdot \frac{1}{u_1 \cdot d} \cdot \sin\alpha, \qquad (7.6)$$

мұндағы A_{sw} - бір периметрлі көлденең арматураның ұстынның айналасындағы қимасының ауданы, мм^2;

s_r - көлденең арматура периметрлерінің арасындағы тарамдалған ара қашықтық, мм;

$$f_{ywd,ef} = 250 + 0{,}25\mathrm{d} \leq f_{ywd,} \text{ МПа},$$

мұндағы u_1 - в мм;

d - пайдалы (жұмысшы) биіктіктің ортогональды бағыттардағы орташа мәні, мм;

α - көлденең арматура мен плита жазықтығының арасындағы бұрыш.

(7.6) формула бойынша жергілікті қиылу жағдайынан есептелген көлденең арматуралауды бақылау ауданының шегінде орналастыру керек. Бұл жағдайда арматураланған плитаның бақылау ауданы шектеріндегі минималды қалыңдығы 200 мм кем болмай, минималды арматуралау пайызы мына формула бойынша анықталады:

$$\rho_{w,min} = \frac{A_{sw} \cdot \sin\alpha}{A_{cont} - A_{load}} \qquad (7.7)$$

мұндағыA_{cont}, A_{load} – сәйкесінше бақылау периметрінің ішіндегі беттің ауданы және жергілікті жүктеу ауданы

Қол жеткізілген $\rho_{(w,min)}$ мәндері конструктивті ұғыныстар бойынша белгіленген мәндерден кем болмауға тиіс.

7.1.4 Арматураланған элементтердің жаншылуға көтергіш қабілетін тексеруден басқа плита енінің m_{Edx}иm_{Edy} бірлігінде сәйкесінше xиy бағытында әсер ететін минималды иілетін моменттерді бақылау қажет. Егер басқа есептеу жолдары қажетті мәндерге қол жеткізбесе, бұл моменттерді мына шарттан анықтау керек:

$$m_{Edx}(m_{Edy}) \geq \eta \cdot v_{Ed}, \qquad (7.8)$$

мұндағы v_{Ed} – ұзындық бірлігіне шаққандағы есептік көлденең күш;

η - 7.1-кестеге сәйкес моменттердің мәнін 7.6-суретте келтірілген белгілерге сәйкес анықтайтын коэффициент.

7.6-суретте белгіленген плита аумақтарында иілуге есептеумен анықталған және плита жұмысының xиy.бағыттарындағы тиімді аймақтарының ені бойынша белгіленген бойлық арматуралау ауданын ала отырып (7.8) шарттарын тексеру қажет.

7.1-кесте – η коэффициентінің ұстындардың орналасуына қарай мәндері

Ұстынның орналасуы	η для m_{Edx}			η для m_{Edy}		
	Плитаның үсті	Плитаның асты	Плитаның есептік ені	Плитаның үсті	Плитаның асты	Плитаның есептік ені
Ішкі	0,125	0	$0{,}3l_y$	0,125	0	$0{,}3l_x$
Шеткі, плитаның қыры y осіне параллель орналасқан	0,250	0	$0{,}15l_y$	0,125	0,125	плитаның lм.п. -да
Шеткі, плитаның қыры x осіне параллельді орналасқан	0,125	+0,125	плитаның lм.п. -да	0,25	0	$0{,}15l_x$
Бұрыштық	0,500	0,5	плитаның lм.п. -да	0,5	0,5	плитаның lм.п. -да



7.6-сурет – Жұмысқа ұстындардың орналасуына қарай қосылатын плита енін анықтау сызбасы

7.2 Плитаның майысуын есептеу

Мысал №4. № 9 плитаны қарастырайық. Монолиттік темірбетон аражабыны қимасы $bxh = 400x400$мм құрайтын ішкі темірбетонды ұстынға тіреледі. Аражабыннан ұстынға толық есептік жүктеме (оның өз салмағы ескерілгенде) $V_{Ed} = 634{,}8$ кН тең. Аражабынның қалыңдығы 200 м.

Аражабын С25/30(f_{ck}=25 МПа, γ_c=1,5, f_{cd}=$\alpha_{cc} \cdot f_{ck}/\gamma_c$=0,85·25/1,5 =14,2 МПа, α_{cc} = 0,85) класты қалыпты бетоннан жасалған.

Ұстынға жанасу аймағындағы аражабын St500 (f_{yk} = 500 МПа, f_{yd} = 435 МПа, E_s=20·10^4 МПа) класс арматурасының диаметрі 16 мм ($A_s = 2{,}011$ см^2) құрайтын, 150 мм қадаммен екі өзара перпендикулярлы бағыттарда орналасқан өзектерімен арматураланған (7.7-сурет).

Талап етіледі: Аражабынның жаншылуға беріктігін тексеру.

Шешім: Арматураның қорғау қабатын 15 мм деп аламыз.

Плита үстінен әр - $a_x = 22$ мм және $a_y = 36$ мм бағыттарындағы арматураның ауырлық орталықтарына дейінгі ара қашықтықтарды анықтаймыз

Плиталардың әр бағыттағы жұмысшы биіктіктерін анықтаймыз

$$d_y = 0{,}20 - 0{,}022 = 0{,}178 \text{ м}, \quad d_z = 0{,}20 - 0{,}036 = 0{,}164 \text{ мм}$$

Қиманың орташа жұмысшы биіктігін анықтаймыз

$$\mathrm{d} = 0{,}5 \cdot (\mathrm{d_y} + \mathrm{d_z}) = 0{,}5 \cdot (0{,}178 + 0{,}164) = 0{,}171 \text{ м}.$$

Екі бағыттағы да арматуралау коэффициентін анықтаймыз



7.7-сурет - № 9 плитаны арматуралау (мысалға, № 4)

$$\rho_{ty} = \rho_{tz} = \frac{2{,}011 \times 10^{-4}}{(0{,}15 \times 0{,}171)} = 0{,}0075,$$

Бұл 0,02-ден жоғары (арматуралау коэффициентінің нормалармен регламенттелген минималды мәні)

Сонда есептік арматуралау коэффициенті мынаған тең $\rho_1 = \sqrt{\rho_{ty} \cdot \rho_{tz}} = 0{,}0075.$

Бақылау периметрінің мәнін анықтаймыз

$$u_1 = 4 \cdot b + 2 \cdot \pi \cdot 2 \cdot d = 4 \times 0{,}4 + 2 \cdot \pi \cdot 2 \times 0{,}171 = 3{,}75 \text{ м}.$$

$\beta = 1{,}15$ коэффициентін орта ұстынға алғандай пайдаланып, қиылудың қума кернеуінің жергілікті шоғырланған жүктеуден туындаған мәнін анықтаймыз

$$v_{Ed} = \frac{\beta \cdot V_{Ed}}{u_1 \cdot d} = \frac{1{,}15 \times 634800}{3750 \times 171} = 1{,}138 \text{ Н/мм}^2.$$

С25/30 класс бетоны үшін бетонның сығылуға сипаттамалық кедергісі $f_{ck} = 25$ МПа және бетонның созылуға есептік кедергісі ($\gamma_c = 1{,}5$ материалы бойынша қауіпсіздік коэффициентін ескерілген) $f_{ctd} = 1{,}8/1{,}5 = 1{,}2$ МПа.

Масштабты фактордың әсерін ескеретін коэффициентті анықтаймыз

$$k = 1 + \sqrt{\frac{200}{d}} = 1 + \sqrt{\frac{200}{171}} = 2{,}08 > 2.$$

Есептік қима биіктігі 200 мм құрайтын плита үшін k биіктік коэффициенті 2,0 құрайды.

Қима жаншылуға кезінде қабылдай алатын кернеуді анықтаймыз

$$v_{Rd,c} = 0{,}12 \cdot k \cdot (100\rho_l \cdot f_{ck})^{1/3} = 0{,}12 \cdot 2{,}0 \cdot (100 \cdot 0{,}0075 \cdot 25)^{1/3} = 0{,}638\ \text{Н/мм}^2 < \\ < 1{,}138\ \text{Н/мм}^2.$$

Қима жаншылуға кезінде қабылдай алатын минималды қума кернеуді анықтаймыз.

$$v_{Rd,c,min} = \left(0{,}035 \cdot k^{\frac{3}{2}} \cdot f_{ck}^{\frac{1}{2}}\right) = \left(0{,}035 \cdot 2{,}0^{\frac{3}{2}} \cdot 25^{\frac{1}{2}}\right) = 0{,}495\ \text{Н/мм}^2.$$

Ұстынның қыры бойынша жаншылуға кедергіні (6.53) формула бойынша анықтаймыз ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011:

$$v_{Ed} = \frac{\beta \cdot V_{Ed}}{u_0 \cdot d} = \frac{1{,}15 \cdot 634800}{1600 \cdot 171} = 2{,}668\ \text{Н/мм}^2.$$

Жаншылуға максималды кедергі

$$v_{Ed,max} = 0{,}5 \cdot v \cdot f_{cd} = 0{,}5 \times 0{,}6 \times \left(1 - \frac{f_{ck}}{250}\right) \cdot f_{cd} = 0{,}5 \times 0{,}6 \times \left(1 - \frac{25}{250}\right) \times 14{,}2 = \\ = 3{,}84\ \text{Н/мм}^2 > 2{,}668\ \text{Н/мм}^2 = v_{Ed}.$$

Жергілікті шоғырланған жүктемеден туындаған кернеулер мәні жаншылу кезінде қима қабылдай алатын кернеуден жоғары болатындықтан, жаншылуға беріктік жеткіліксіз және есептік көлденең арматуралау немесе аражабынды қайта құрылымдау талап етіледі.

Жаншылуға қажетті арматуралау көлемін анықтау үшін осы кезеңде $u_{out,ef}$ есептеген қолайлы:

$$u_{out,ef} = \frac{\beta \cdot V_{Ed}}{v_{Rd,c} \cdot d} = \frac{1{,}15 \times 634800}{0{,}638 \times 171} = 6691\ \text{мм}.$$

Периметрге дейінгі арақашықтық $(6691 - 1600)/2\pi = 810$ мм.

Арматураның бірінші бақылау периметрі мен $u_{out,ef}$. арасындағы бұзылу аймағындағы ауданын есептейік. Осы екі периметрлер арасындағы кез-келген нүктедегі арматуралау ауданын сызықтық интерполяцияның көмегімен анықтауға болады. Бірінші бақылау периметріне кіруге тиіс арматуралау ауданы былай анықталады:

$$A_{sw,tot} = u_1 \cdot \mathrm{d} \cdot (v_{Ed} - 0{,}75 \cdot v_{\mathrm{Rd,c}})/f_{ywd} = 3750 \times 171 \times (1{,}138 - 0{,}75 \times 0{,}638)/435 =. \\ = 972\text{мм}^2$$

Сыртқы периметр үшін жалпы аудан былай есептеледі:

$$A_{sw,tot} = u_{out,ef} \cdot \mathrm{d} \cdot (v_{Ed} - 0{,}75 \cdot v_{\mathrm{Rd,c}})/f_{ywd,eff} = 6691 \times 171 \times (1{,}138 - 0{,}75 \times 0{,}638)/ \\ /435 = 1734\ \text{мм}^2.$$

Ұстынның қырынан 0,75d = 0,75×171 ≈ 130 мм арақашықтықта орналасқан периметрдің ұзындығы 2120 мм құрайды. Осы периметрдің бойындағы шыбықтардың арасындағы максималды рұқсат етілетін ара қашықтық 1,5d = 260 мм құрайды. ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 талаптарын орындау үшін бізге $2120/260 =$9 шыбық қажет. Тәжірибеге сүйеніп барлық периметрлер бойынша диаметрі 8 мм (шыбықтардың минималды рұқсат етілетін диаметрі) шыбықтарды пайдаланған жөн.

Ұстын қырынан 0,75d + 0,75d = 260 мм ара қашықтықта орналасқан периметрдің ұзындығы 2640 мм құрайды, $2640/260 = 11$ шыбық қажет.

Ұстын қырынан 3×0,75d=390 ара қашықтықта орналасқан периметрдің ұзындығы 3160 мм құрайды, $3160/260 = 12$ шыбық қажет.

Ұстын қырынан 4×0,75d = 520 мм ара қашықтықта орналасқан периметрдің ұзындығы 3680 мм құрайды, $3680/260 = 14$ шыбық қажет (7.8-сурет қараңыз).

Атап айтқанда, шыбықтар арасындағы тарамдалған ара қашықтық 0,75d құрайтындықтан, осы талаптың арқасында көптеген жағдайларда бас тарту аймағында (3-5) арматуралау периметрін орналастыру керек.

НТҚ-02-02-2011 (7.4.2.2.3) сәйкес арматураланған элементтердің жаншылуға көтергіш қабілеттерін тексеруден басқа плита енінің бірлігінде сәйкесінше x және y бағыттарында әсер ететін минималды иілетін m_{Edx} и m_{Edy} моменттерді бақылау қажет. Егер басқа есептеулер талап етілетін мәндерге қол жеткізбесе, бұл моменттерді мына шарттан анықтау қажет

$$m_{\mathrm{Edx}}(\mathrm{m}_{\mathrm{Edy}}) \geq \eta \cdot v_{\mathrm{Ed}}.$$

Минималды иілетін моменттерді және жанама арматураның плита енінің бірлігіне шаққандағы сәйкесінше x және y бағыттарына қарай жанама арматураның оларға сәйкес келетін минималды аудандарын анықтаймыз.



7.8-сурет – Жаншылуға қарсы арматуралау (мысалы №4)

№5 мысал. Бастапқы мәліметтер №4 мысалдағыдай. № 9 ұстын үстілік плитасын қарастырайық. Аражабыннан ұстынға толық есептік жүктеме (оның өз салмағы ескерілгенде) 634,8 кН тең (7.9-сурет). Аражабынның қалыңдығы 200 м. Аражабын С25/30(f_{ck}=25 МПа, γ_c=1,5, f_{cd}=$\alpha_{cc} \cdot f_{ck}/\gamma_c$=0,85·25/1,5 =14,2 МПа,$\alpha_{cc}$=0,85) класты

қалыпты бетоннан жасалған. Ұстынға жанасу аймағындағы аражабын St500 (f_{yk} = 500 МПа, f_{yd} = 435 МПа, E_s=20×10^4 МПа) класс арматурасының диаметрі 16 мм ($A_s = 2{,}011$ см^2) құрайтын, 150 мм қадаммен екі өзара перпендикулярлы бағыттарда орналасқан шыбықтармен арматураланған ($A_{s1} = 4223$ мм^2). .



7.9-сурет – №9 плита (№5 мысалға)

*Шешуі:*Плиталардың екі x және y бағыттарынлағы арматуралау пайыздарын есептейміз.

– $x\rho_{cont}$ бағытында = $\frac{14{,}08}{17{,}8}$ =0,79% (14,08см^2/м Ø16 мм қадамы 150 мм).

- $y\rho_{cont}$ бағытында = $\frac{14{,}08}{16{,}4}$ =0,86% (14,08см^2/м Ø16 мм с қадамы 150 мм).

y –ке қарай бағытталған минималды иілетін моменттің мәнін анықтаймыз (жағымсыз бағыт)

$m_{Edy} = \eta \cdot V_{Ed}$ = - 0,125 × 634,8 = - 79,35 кН·м η = 0,125 (см. 7.1-кесте)

Коэффициенттің мәнін анықтаймыз

$$a_{\text{Eds}} = \frac{m_{Ed}}{f_{cd} \cdot b \cdot d^2} = \frac{79350000}{14{,}2 \cdot 1000 \cdot 164^2} = 0{,}207 \leq a_{\text{Eds},lim} = 0{,}372$$ (Г.1-сурет)

Г.1-кестесі бойынша қалыпты бетон үшін $\leq$ С50/60

$a_{\text{Eds}} = 0{,}208$ и $\sigma_{sd} = f_{yd} = 435$ МПа $\rightarrow \omega = 0{,}2440$, $\zeta = \frac{z}{d}$ = 0,853, z = 0,853×164=140 мм.

Созылған арматураның талап етілетін аймағының аудандары:

$$A_{s1} = \frac{1}{\sigma_{sd}}(\omega \cdot b \cdot d \cdot f_{cd} + N_{Ed}) = \frac{1}{435}(0{,}2440 \times 1000 \times 164 \times 14{,}2) = 1306 \text{ мм}^2.$$

Арматураның плита енінің бойындағы минималды аудандарын тексереміз $b_x = 0{,}3 \cdot l_x = 0{,}3 \cdot 6 = 1{,}8$ м (п.п.7.4.2.2.3 НТҚ-02-02-2011):

$$a_{s,min} = A_{s1} \cdot b_x = 1306 \cdot 1{,}80 = 2351 \text{ мм}^2.$$

Бұрынырақ плитаның енінде екі бағытта 150 мм қадаммен орнатылған ауданы $A_{s1} = 4223$ мм^2 құрайтын Ø16 $St500$ арматуралар жеткілікті болып табылады.

№ 6 мысал

Берілгені: Бастапқы мәліметтер № 4 мысалдағыдай қабылданды. Монолитті темірбетон аражабын қимасы $bxh = 400x400$ мм құрайтын ішкі темірбетон ұстынына тіреледі. Аражабыннан ұстынға жасалатын толық есептік жүктеу (өз салмағын ескергенде) 634,8 кН тең. Аражабынның қалыңдығы 200 мм.

Ұстын және аражабын С25/30 (f_{ck}=25 МПа, γ_c=1,5, f_{cd}=$\alpha_{cc} \cdot f_{ck}/\gamma_c$=0,85·25/1,5 =14,2 МПа,$\alpha_{cc}$=0,85) класс бетонынан жасалған.

Ұстынға тақалу аймағындағы аражабын екі өзара перпендикулярлы бағытта 150 мм қадаммен орналасқан, диаметрі 16 мм St500 (f_{yk} = 500 МПа, f_{yd} = 435 МПа, E_s=20×10^4 МПа) класты арматурасының шыбықтарымен ($A_s = 2{,}011$ см^2) арматураланған. (7.10-сурет).

Талап етіледі:Аражабынның жаншылуға беріктігін тексеру.

Шешуі:Арматураның қорғау қабатын 15 мм деп аламыз.

Плита үстінен әр - $a_x = 22$ мм және $a_y = 36$ мм.бағыттар арматурасының ауырлық орталықтарына дейінгі ара қашықтықтарды анықтаймыз.

Әр бағыттағы плиталардың жұмысшы биіктіктерін анықтаймыз

$$d_x = 0{,}20 - 0{,}022 = 0{,}178 \text{ м}, d_y = 0{,}20 - 0{,}036 = 0{,}164 \text{ м}.$$

Қиманың орташа жұмысшы биіктігін анықтаймыз

$$d = 0{,}5 \cdot (d_x + d_y) = 0{,}5 \times (0{,}178 + 0{,}164) = 0{,}171 \text{ м}.$$

Екі бағыттағы арматуралау коэффициентін анықтаймыз.

$$\rho_{ty} = \rho_{tz} = \frac{2{,}011 \cdot 10^{-4}}{(0{,}15 \cdot 0{,}171)} = 0{,}0075,$$

Бұл 0,02 жоғары (нормалармен регламенттелген арматуралау коэффициентінің минималды мәні)

Онда есептік арматуралау коэффициенті $\rho_1 = \sqrt{\rho_{ty} \cdot \rho_{tz}} = 0{,}0075$ тең.

Бақылау периметрінің мәнін анықтаймыз.

$$u_1 = 4 \cdot b + 2 \cdot \pi \cdot 2 \cdot d = 4 \cdot 0{,}4 + 2 \cdot \pi \cdot 2 \cdot 0{,}171 = 3{,}75 \text{ м}.$$

$\beta = 1{,}15$ коэффициентін ортаңғы ұстынға алғандай етіп қабылдап, жергілікті шоғырланған жүктеуден туындаған қиылудың максималды кернеуінің мәнін анықтаймыз.

$$v_{Ed} = \frac{\beta \cdot V_{Ed}}{u_1 \cdot d} = \frac{1{,}15 \cdot 694{,}8 \cdot 10^3}{3750 \cdot 171} = 1{,}246 \text{ Н/мм}^2.$$



7.10-сурет – Үстын (№3 мысалына)

Класы С25/30 бетон үшін бетонның сығылуға сипаттамалық кедергісі $f_{ck} = 25$ МПа және бетонның созылуға есептік кедергісі ($\gamma_c = 1{,}5$ материалы бойынша қауіпсіздік коэффициентін ескергенде) $f_{ctd} = 1{,}8/1{,}5 = 1{,}2$ МПа. тең

Масштабты фактордың әсерін ескеретін коэффициентті анықтаймыз

$$k = 1 + \sqrt{\frac{200}{d}} = 1 + \sqrt{\frac{200}{171}} = 2{,}08 > 2.\ k = 2$$ деп аламыз.

Сығылу кезінде қиманы қабылдауы мүмкін сығылуға есептік қарсыласу мәнін анықтаймыз,

$$v_{\mathrm{Rd,c}} = 0{,}12 \cdot \mathrm{k} \cdot (100\rho_{\mathrm{l}} \cdot \mathrm{f_{ck}})^{1/3} = 0{,}12 \cdot 2 \cdot (100 \cdot 0{,}0075 \cdot 25)^{1/3} = 0{,}637\ \text{Н/мм}^2.$$

Қима сығылу кезінде қабылдауы мүмкін минималды қиылу кернеуін анықтаймыз,

$$v_{\mathrm{Rd,c,min}} = \left(0{,}035 \cdot k^{\frac{3}{2}} \cdot f_{ck}^{\frac{1}{2}}\right) = \left(0{,}035 \cdot 2^{\frac{3}{2}} \cdot 25^{\frac{1}{2}}\right) = 0{,}495\ \text{Н/мм}^2.$$

Жергілікті шоғырланған жүктеуден туындаған максималды қиылу кернеуінің мәні қима сығылу кезінде қабылдауы мүмкін есептік күш салудан артық болғандықтан, сығылуға беріктік жеткіліксіз және есептік көлденең арматуралауды орнату немесе аражабынды қайта құрылымдау талап етіледі.

Осыған байланысты ұстынның аражабынмен ұштасу аймағында жоспардағы өлшемдері 1200 мм × 1200 мм, жалпы қалыңдығы 300 мм әсембаған құрылғысын қарастырамыз.

Қалған бастапқы мәліметтердің барлығын өзгеріссіз қалдыра отырып, есептеу жүргіземіз. Плиталардың әр бағыттағы жұмысшы биіктіктері $d_{\mathrm{y}} = 0{,}30 - 0{,}022 = 0{,}278$ м, $d_z = 0{,}30 - 0{,}036 = 0{,}264$ мм.

Орташа жұмысшы биіктікті анықтаймыз

$$d = 0{,}5 \cdot (d_y + d_z) = 0{,}5 \times (0{,}278 + 0{,}264) = 0{,}271\ \text{м}.$$

Екі бағытта арматуралау коэффициенттерін анықтаймыз

$$\rho_{\mathrm{ty}} = \rho_{\mathrm{tz}} = 2{,}011 \times 10^{-4}/(0{,}15 \times 0{,}271) = 0{,}0050,$$

Бұл 0,02 жоғары (арматуралау коэффициентінің нормалармен регламенттелген минималды мәні)

Сонда арматуралаудың есептік коэффициенті $\rho_t = \sqrt{\rho_{\mathrm{ty}} \cdot \rho_{\mathrm{tz}}} = 0{,}0050$ тең

Бақылау периметрінің мәнін анықтаймыз

$$u_1 = 4 \cdot b + 2 \cdot \pi \cdot 2 \cdot d = 4 \times 0{,}4 + 2 \cdot \pi \cdot 2 \times 0{,}271 = 5{,}0\ \text{м}.$$

β=1,15 коэффициентін ортаңғы ұстынға алғандай мөлшерде пайдаланып, жергілікті шоғырланған жүктеуден туындаған максималды қиылуы кернеуін анықтаймыз

$$v_{Ed} = \frac{\beta \cdot V_{Ed}}{u_1 \cdot d} = \frac{1{,}15 \cdot 634{,}8 \cdot 10^3}{5000 \cdot 271} = 0{,}538\,\text{Н/мм}^2.$$

Масштабты фактордың әсерін ескеретін коэффициентті анықтаймыз

$$k = 1 + \sqrt{\frac{200}{d}} = 1 + \sqrt{\frac{200}{271}} = 1{,}859 < 2.$$

Қиманы сығымдау кезінде қабылдауы мүмкін сығымдауға кедергінің есептік мәнін анықтаймыз.

$$v_{Rd,c} = 0{,}12 \cdot k \cdot (100\rho_l \cdot f_{ck})^{1/3} = 0{,}12 \times 1{,}859 \times (100 \times 0{,}0050 \times 25)^{1/3} = 0{,}517\ \text{Н/мм}^2.$$

Қима сығылу кезінде қабылдай алатын минималды қума кернеуді анықтаймыз

$$v_{Rd,c,min} = \left(0{,}035 \cdot k^{\frac{3}{2}} \cdot f_{ck}^{\frac{1}{2}}\right) = \left(0{,}035 \times 1{,}859^{\frac{3}{2}} \times 25^{\frac{1}{2}}\right) = 0{,}444\,\text{Н/мм}^2$$

Нәтижесінде, қима сығылу кезінде қабылдай алатын есептік күш салу

$v_{Rd,c} = 0{,}517\ \text{Н/мм}^2 < 0{,}538\,\text{Н/мм}^2$ құрайды.

Жергілікті шоғырланған жүктеуден туындаған максималды қиылу кернеуінің мәні қима сығылу кезінде қабылдай алатын есептік күш салудан кем болғандықтан, ұстындар периметрінен саналған бақылау периметрі бойынша сығылуға беріктік қамтамасыз етілді.

Осыған қосымша, қалыңдығы 200 мм аражабынның негізгі қимасының сығылуға беріктігін әсембаған қырының периметрінен саналған бақылау периметрі бойынша тексеру талап етіледі.

Осы бақылау периметрінің мәнін анықтаймыз

$$u_1 = 4 \cdot b + 2 \cdot \pi \cdot 2 \cdot d = 4 \times 1{,}2 + 2 \cdot \pi \cdot 2 \times 0{,}171 = 6{,}948\ \text{м}.$$

β=1,15 коэффициентін ортаңғы ұстынға алғандай мөлшерде пайдаланып, жергілікті шоғырланған жүктеуден туындаған максималды қиылуы кернеуін анықтаймыз

$$v_{Ed} = \frac{\beta \cdot V_{Ed}}{u_1 \cdot d} = \frac{1{,}15 \times 634{,}8 \times 10^3}{6948 \times 171} = 0{,}611\ \text{Н/мм}^2.$$

Жергілікті шоғырланған жүктеуден туындаған максималды қиылу кернеуінің мәні қима сығылу кезінде қабылдай алатын ($0{,}637\,\text{Н/мм}^2$) есептік күш салудан кем болғандықтан, ұстындар периметрінен саналған бақылау периметрі бойынша сығылуға беріктік қамтамасыз етілді.

7.3 Арқалықсыз аражабындар конструкциясы

Осы тарауда қаралатын арқақылықсыз аражабындар аралық ұстындар қатарына, шеткі ұстындарға, көтергіш қабырғаларға немесе капителдер (ұстын үсті қалыңдығы) косылуы мүмкін сүйенетін бірдей қалыңдықта болуы мүмкін.

Ұстындардың торы әдетте төртбұрышты немесе тік төртбұрышты болып келеді. Ұстындардың үстіңгі бөлігі Арқалықсыз плиталардың тірегі қызметін атқаратын әсембағандарға айналы отырып, кеңейеді.

Арқалықсыз аражабындардың конструкциясы негізгі төрт элементтердер: 1) ұстындардан, 2) әсембағандардан, 3) плитадан және 4) буылған аралықтардан құралады.

7.3.1 Ұстындар

Арқалықсыз аражабындар ұстындарының конструкциясы жай арқалығы бар аражабындар конструкциясынан ерекшеленбейді. Ұстындар төртбұрышты, тік төртбұрышты, көп қырлы және дөңгелек болуы мүмкін.

Арқалықсыз аражабындар ұстындарының конструкциясына жай арқалығы бар аражабындарға қойылатын талаптар қойылады.

7.3.2 Әсембағандар

Әсембағандар ұстындарды плиталармен қатты байланыстырады және онымен аражабынның қаттылығын толығымен жоғарылатады, сондай-ақ плита аралықтарының, нәтижесінде иілетін моменттердің есептік шамаларын азайтады.

Сонымен қатар олар моменттердің плита бойымен дұрыс үлестірілуін және плиталардың ұстындарға сүйену ауданының жеткілікті болуын қамтамасыз етеді [6].

Әдетте әсембағандар үш түрлі болады: I – әсембаған үстілік плитасымен; II - сынығымен, III – әсембаған үстілік плитасы жоқтары (тік әсембаған).

Көптеген жағдайларда әсембағанды арматуралау үшін есептеудің қажеті болмайды, себебі оның қимасының үлкен болғандығы соншалық, әсембағанның сыртқы қырларының созатын күштері пайда болмай, сығатын күштері әрдайым рұқсат етілген күштерден төмен болады. Сондықтан әсембағандардың ұстынмен және плитамен байланысын жоғарылату үшін оны арматуралау тек қана конструктивті ұғыныстар бойынша жүзеге асырылады.

7.3.3 Баулайтын арқалықтар

Шетімен ұстындарға сүйенетін және ұстындардан шығып тұратын аспалары жоқ аражабындар көбінесе баулайтын арқалықтармен көмкеріледі. Байлайтын арқалықтар әдетте плитаның үстінде орналасады, кейде оларды плитаның астында да орналастыруы мүмкін. Байлайтын арқалықтардың толық биіктігі 2,5h (h–плитаның қалыңдығы) төмен болмау керек.

Баулайтын арқалықтар бір жақты сөресі бар жай таврлы арқалыққа ұқсас конструкцияланады және есептеледі.

Баулайтын арқалықтың иілімге есебі оған тікелей жасалған жүктеуден, сондай-ақ онымен шектесетін ұстын үстілік жартылай сызықта орналасқан жүктеуден жүзеге асырылады. Баулайтын арқалықта айналма моменттер пайда болатындықтан, оларды қабылдау үшін баулайтын арқалықты диаметрі (6-8) мм тұйық қамытпен 200 мм кем емес аралықтан кейін арматуралау қажет. Бұл жағдайда бұл қамыттар арқалықты көлденең күшке есептеу кезінде ескерілмейді.

7.4 Арқалықсыз жалпақ (әсембағансыз) аражабындар

Ұстындардың кеңейтілген бастарын алғашқы реті конструкциялан 1940 жылы Джозеф Ди Стасио шығарып тастаған болатын. Бұл ұстындардың реакциясын қабылдайтын аражабынның ауданын азайты, және сондықтан да кесетін күштерді қабылдау үшін қосымша көлденең арматураны енгізу немесе ұстындардың өлшемдерін (аражабындардың қалыңдығын) талап етілген өлшемдерден арттыру қажет болды. Әсембағансыз ұстындары бар плиталарды әсембағандары бар плиталардан *(flat slab)*айыру үшін оларға арнайы *flate plate* атауы берілді, біз бұдан әрі оларды жалпақ аражабын деп атаймыз [3,5,6,7,12].

Әсембағансыз ұстындары бар арқалықсыз аражабын қалыңдығы бірдей темір-бетон плиталардан және қимасы тұрақты ұстындардан құралатын өте қарапайым конструкция болып табылады. Бұл қалыптау жұмыстары, сондай-ақ арматуралық жұмыстарды және бетондау жұмыстарын азайтады. Әсембағансыз құрылымдалған ұстындардың қимасы тұрақты болатындықтан, оларды ұстындар арасындағы қабырғалармен және арақабырғалармен байланыстыру оңай. Сондықтан оларды әкімшілік ғимараттар мен тұрғын үйлерді салуда қолдану қолайлы.

Арқалықтсыз арабындардың конструктивті биіктігі ең төмен, төбесі тегіс және жылтыр болады, ішкі құрал-жабдықтарды еркін орналастыруға мүмкіндік береді. Кедергісі жоқ инженерлік желілер плиталарға ілінеді. Қажет болған жағдайда тігілетін төбені орнатады.

Әсембағансыз конструкциялардағы майысқан жерлерді шектеу мәселесі әсембағаны бар конструкцияларға қарағанда күрделілеу болып келеді. Аражабындардың жалпы қалыңдығы жоғары емес және әсембағандары жоқ болғандықтан аражабындар плиталарының майысқан жерлері біршама жоғары болып табылады. Қосымша жылжығыштық деформациялары серпімді майысқан жерлердің мөлшерін, кем дегенде екі есе жоғарылатады. Бұл проблема әсембағансыз ұстындары бар бірқатар ғимараттарда жарылған арақабырғалар мен бұзылған терезелер байқалған XX ғасырдың 50-ші жылдарының соңына дейін толығымен шешілмеген болатын.

Жалпақ аражабын алғашқы рет Владивостоктағы биік мейманхана конструкциясында 60-шы жылдары қолданылды. Ұстындардың қадамы 6х6 м, плита ұстындарының 0,2 м құрайтын монолиттену жіктері ескерілген қадамы 2,8х2,8, плиталар бір-бірімен топсалы түйіс арқылы байланыстырылған. Ұстынға жалғасуының ең күрделі

түйіні плитаның бітейтін қорап тәрізді бөлшегін ұстынның бойлық жұмысшы арматурасына дінекерлеу арқылы шешілген (7.11-сурет).



7.11-сурет – Ұстынның аражабынмен байланысуы

Қораптың плиталарына тіректік жаратын моменттерді және майсудан туындаған жергілікті созатын күштерді қабылдауға арналған арматуралық өзектер дәнекерленген. Мұндай темір-бітон қаңқасын «сәйкестендірілген беларқасыз қаңқа» деп атайды. Әртүрлі жүктеулер мен дайындау жағдайларына арналған СБҚ жүйесінің жаңартылған нұсқалары жасап шығарылды. Алайда бұл топтамалар кеңінен қолданылып жүрген жоқ.

Қазіргі уақытта икемділігі жоғары сәулет-жоспарлау шешімдеріне қол жеткізетін үнемді монолитті темір-бетон конструкциялары кеңінен қолданылуда. Олардың ішінде ең қарапайымы жалпақ аражабын болып табылады. Бетон шығынының көптігі қалыптың қарапайымдылығымен өтеледі. Нәтижесінде бұл аражабындар құрылысының құны мен мерзімдері дәстүрлі арқалықты аражабындар құрылысынан төменірек. Соның салдарынан монолитті жалпақ аражабындар жаппай қолданылуда.

Жалпақ аражабындарды құрылымдаудың проблемасы плитаның ұстындарға сүйену аймағы болып табылады. Бұл жерде максималды иілетін момент және көлденең күш пайда болады. Моментке қарағанда, майысудың қабылдануын қамтамасыз ету ұстындар габариттері және аражабындар қалыңдығы стандартты болған жағдайда күрделі болып табылады. Майысудың қабылдануын қосымша арматуралаудың, аражабынның

қалыңдығын жоғарылатудың немесе ұстын периметрін көбейтудің арқасында қамтамасыз ет мүмкін. Ұстынды тек оның қимасын ғана арттыру арқылы жоғарылатуға болмайды. Егер ұстынды созса (тік төртбұрышты ету), онда периметрді көбейту кезінде оның қимасы бұрынғыдай болып қалуы мүмкін. Мұндай ұстынды пәтераралық арақабырғалардың құрамында пайдалану оңайға түседі.

Сонымен қатар плитаның бойына металл әсембағанын орналастыруға болады. Мұндай шешім Таллинде «Виру» мейманханасының металл әсембағанын орнату кезінде қабылданды (ұстындардың қадамы 8×8 м, аражабынның қалыңдығы 27 см). Тағы бір «нәзік» жері – сыртқы көтергіш емес кірпіш қабырғалардың тірелуі. Бұл жерге көбінесе күш салу қажет. Баулайтын арқалықтың орнатылуы проблеманы шешкенімен, қалыптың конструкциясын күрделендіреді. Ұстындардың ішкі контурдың бойындағы қадамын азайтуға болады. Мүмкіндіктердің бірі ретінде күшейтілген арматуралауға қосымша сыртқы шетімен металдан жасалған тұтас швеллер бітеуін енгізу болып табылады. Арқалықсыз аражабындардың бір түріне жиі қырланған аражабындар жатады. Аражабындардың бұл түрінде аралықтар үлкен және плиталардың қалыңдығы жоғары бола тұра, конструкцияны жалпақ қалыптың үстіне қалың қағаздан, асбестоцементтен, фанерадан немесе басқа материалдардан жасалған іші қуыс ішпектерді орнату арқылы жеңілдетеді.

7.5 Арқалықсыз аражабындарды құрылымдау

7.5.1 Ішкі ұстындар аймағындағы арқалықсыз аражабындар

(1) [9.4.1(1)] Арматураның арқалықсыз аражабындардағы орналасуы плитаның пайдалану жағдайларындағы әрекетін көрсету керек. Көбінесе бұл арматураның ұстындардың үстінде шоғырлануына алып келетін болады.

(2) [9.4.1(2)]Ішкі ұстындардың үстінде орналасуы. Егер пайдалануға жарамдылығы егжей-тегжейлі есептелмей жүрген болса, қиылу ауданы 0,5A_t үстіңгі арматураны плита енінің 0,125 бөлігіне тең енінде орналастыру керек. A_t - арматураның толық теріс моментті қабылдау үшін талап етілетін қиылу ауданы. Ол плитаның ұстынның әр бүйірімен шектесетін жартыларынан моменттердің қосындысы арқылы анықталады.

(3) [9.4.1(3)]Ішкі ұстындарда ортогональды бағытта ұстынның ішімен өтуі тиіс төменгі арматура (өзектерді екеуден кеме емес) орнатылу керек.

7.5.2 Шеткі және бұрыштық ұстындар аймағындағы арқалықсыз аражабындар

(1) [9.4.2(1)]Плитаның бос шетіне перпендикулярлы, иілетін моменттерді плитадан бұрыштық немесе шеткі ұстындарға беру үшін қажетті арматура 7.12-суретте көрсетілген b_e тиімді енінің шегінде орналасу керек.



а) шеткі ұстын: A – плитаның шеті; ескерту $y > c_y$.болуы мүмкін.



в) бұрыштық ұстын: A – плитаның шеті; ескерту $z > c_z$ и $y > c_y$.болуы мүмкін

y – плита шетінен ұстынның ішкі қырына дейінгі ара қашықтық.

7.12-сурет – Арқалықсыз аражабынның тиімді ені b_e

7.5.3 Майысу аймағындағы көлденең арматура

(1)[9.4.3(1)] Егер арматураны майысу аймағында орнату қажет болса (ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 (6.4) қараңыз), ол ішінде ұстынның жүктеу ауданы мен ішінде көлденең арматура енді қажет етілмейтін $k \cdot d$ бақылау периметрінің арасында орналасу керек. Ол екеуден кем емес көлденең қамыттар периметрлерінен жасалу керек (7.12-сурет). Қамыттар периметрлерінің арасындағы ара қашықтық 0,75d аспау керек.

Периметрдің бойындағы қамыттар арасындағы ара қашықтық бірінші бақылау периметрінің ішінде 1,5 d -дан (жүктеу ауданынан ара қашықтықта) және бірінші бақылау периметрінің периметрдің осы бөлігі майысуға кедергіні есептеу кезінде ескерілетін жерінде 2 d -дан аспау керек (ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 (6.22-сурет) қараңыз).

Төменге бүктелген өзектерде (7.13b-суретте көрсетілгендей) бір қамыттар периметрі жеткілікті болып қабылдануы мүмкін.

Ескертпе – $k = 1{,}5$в мәні ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 ұлттық қосымшасына сәйкес.

(2) Көлденең арматура талап етілген жағдайда $A_{s,min}$ қамыттың (немесе эквиваленттің) ауданы мына өрнек арқылы анықталады

$$A_{s,min} \cdot \frac{(1,5\sin\alpha + \cos\alpha)}{s_r \cdot s_t} \geq 0,8 \cdot \frac{\sqrt{f_{ck}}}{f_{yk}}, \qquad (7.9)$$

мұндағы α - көлденең және негізгі арматуралар арасындағы ара қашықтық (яғни тік қамыттарда α = 90° және $sin\ \alpha = 1$);

s_r - көлденең қамыттар арасындағы тарамдалған бағыттағы ара қашықтық;

s_t - көлденең қамыттар арасындағы тангенциалды бағыттағы ара қашықтық;

f_{ck} - МПа-мен алғанда.

Майысуға есептеу кезінде ұстыннан 0,5d арақашықтық шегінде ғана орналасқан ширықтыратын элементтердің тік құрамдастары ескерілуі мүмкін.

(3) Жүктеу ауданы арқылы немесе осы аймақтан 0,25 d аспайтын ара қашықтықта өтетін бүгілген өзектер майысу аймағында көлденең арматура ретінде қолданылуы мүмкін (7.13b-суретті, үстін қараңыз).

(4) Тіректің қыры немесе жүктеу ауданының шегі мен есептеу кезінде ескерілген ең жақын көлденең арматура арасындағы ара қашықтық $d/2$ аспау керек. Бұл ара қашықтық созылған арматура деңгейінде өлшену керек. Егер бір ғана бүгілген өзектер қатары орнатылған болса, олардың еңістелу бұрышы 30° дейін төмендетілуі мүмкін.



А – көлденең арматураны талап ететін сыртқы бақылау периметрі;

В – көлденең арматураны талап етпейтін бірінші бақылау периметрі.

а) Қамыттар арасындағы ара қашықтық

7.13-сурет – Жаншылу аймағындағы арматура



b) Бүгілген өзектер арасындағы ара қашықтық

7.13-сурет – Жаншылу аймағындағы арматура *(жалғасы)*

7.5.4 Жалпақ арқалықсыз монолитті аражабындарда ұстындардың орналасу аймағында және қабырғалардың көлденең жүктеу қарқындылығы жоғары шетжақ (бұрыштық) шеттерінің орналасқан жерлерінде жаншылу проблемасы орын алады. Егер бетон жаншылудың сыртқы контурының артында орналасқан жүктеуден жаншылу күшін қабылдаса, онда қосымша көлденең арматураны орнатудың қажеті жоқ. Олай болмаған жағдайда көлденең арматураны міндетті түрде орнату қажет және бұл сызбаларда көрсетіледі. Көлденең арматураны орнатқан жағдайда плитаның минималды биіктігі h_{min} =200 мм болу керек.

Көлденең арматура жіктеліп және пісіріліп орнатылады. Екі жағдайда да тік шыбықтар құрылыс нормаларында анықталған есептік кедергімен жұмысқа енгізу үшін сенімді анкерлену керек.

а) Жіктеп орнату

Жұмысшы арматура 180° -ға бүктелген жеке тік шыбықтармен қамтылады. Қамтудың әр бүйірінің ұзындығы тік арматураның 10d кем болмауға тиіс (7.14-сурет). Қолданылатын болаттың тобы бүгілу бұрышын қамтамасыз ету керек.

б) Дәнекерлеп орнату

Бұл жағдайда тік арматура көлденең арматураның анкерленуін қамтамасыз ететін қосымша көлденең шыбықтарға дәнекерленеді. Нүктелік түйістіріп пісірудің көмегімен дәнекерлеу қаңқалары түрінде орнату кезінде арматура класы таңдап алынбайды. Көлденең шыбықтардың диаметрі тік арматуран диаметрінен кем болмау керек. Үстіңгі

арматуралық шыбықтар қосымша есептік арматураның рөлін атқаруы мүмкін. Егер қаңқалар құрылыс алаңында жасалса немесе жекеленген көлденең шыбықтар монтаждау шарттары бойынша жасалу орнында дәнекерленсе, онда арматураның класы электрдоға арқылы дәнекерленген байланыстардың сенімділігін қамтамасыз ету керек (7.16-сурет).

Көлденең арматураны жеклеген шыбықтар түрінде қолданған кезінде анкерлеу шыбықтар бүйіржағына қалыңдығы өзек қалыңдығының ½ бөлігінен кем емес қалыңдықпен және бүйірлерінің өлшемі шыбықтар бөлігінен 3d кем емес пластиналар өзектерінің бүйіржақтарына пісіріледі (7.15).

ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 қиылуда жұмыс істейтін патенттелген арматураны және қамыттар түріндегі дәстүрлі арматураны қолдануға рұқсат береді. Аталған жағдайлардың біріншісінде есептеу және құрылымдау Еуропалық техникалық нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылу керек (7.17-сурет).



7.14-сурет– Көлденең арматура



а – дәнекерленген қаңқа; б – жеке шыбық; в – шыбықтар класы

7.15-сурет– Көлденең арматураны анкерлеу



К-1 қаңқасы, К-2 қаңқасы –дәнекерленген қаңқалар

7.16-сурет–Арматураны орнатылған жерінде монтаждау



7.17-сурет - JORDAHL фирмасының жаншылудандан сақтайтын арнайы импорттық JDA арматурасы

А Қосымшасы
(*ақпараттық*)

Арматура кластары белгіленулерінің сәйкестігі

А.1-кесте – Арматура кластарының белгіленулері

Осы НТҚ құрал бойынша арматура класы	ҚНжЕ 2.03.01 №4 өзгерісі бойынша белгіленуі	ҚНжЕ 2.03.01 бойынша белгіленуі	НТҚ бойынша арматураның сапасын регламенттейтін құжат	Арматураның түрі және профилі
St 400	А 400	А-III	ГОСТ 5781	Мерзімдік айналма профильдің өзекті түрі
		-	ГОСТ 10884 СТ РК СТБ 1704	Сақиналы немесе орақ тәрізді профильдің өзекті түрі
St500	А500	-	ГОСТ 10884 СТ РК СТБ 1704	Сақиналы немесе орақ тәрізді профильдің өзекті түрі
		-	ТУ 14- 1-5254-2006 ТУ 14-1-5526-2006 СТО АСЧМ 7-93	Орақ тәрізді профильдің өзекті түрі
	Вр-I	Вр-I	ГОСТ 6727 СТ РК СТБ 1704	Ішіне майысқан сымды түрі

А.1-кестеде өзекті арматураның нақты түрі (ыстықтай өңделген, термомеханикалық, нығайтылған) көрсетілмеген. Оны белгілеу кезінде ыстықтай арматураның тиісті класыының белгіленуі қолданылады (мысалы, А400, Ат400, Ат400К, Ат400СК кластарының арматуралары А400 деп белгіленеді). Арматураның диаметрін және класын осы құрал бойынша белгілегеннен кейін арматураны оның сапасын регламенттейтін стандарт бойынша белгілеу керек, мысалы, диаметрі 12 мм St400 класс арматурасын Ø12 St400 деп белгілейді (А.4 ГОСТ 5781).

Б Қосымшасы
(*ақпараттық*)

Жылжығыштық және шөгу деформациялары

Б.1 Жылжығыштық коэффициентін анықтауға арналған негізгі теңдеулер

(1) $\varphi(t,t_0)$ жылжығыштық коэффициенті мына формула бойынша есептелуі мүмкін:

$$\varphi(t,t_0) = \varphi_0 \cdot \beta_c(t,t_0), \qquad (Б.1)$$

мұндағы φ_0- төмендегідей анықталуы мүмкін шартты жылжығыштық коэффициенті:

$$\varphi_0 = \varphi_{RH} \cdot \beta(f_{cm}) \cdot \beta(t_0), \qquad (Б.2)$$

мұндағы φ_{RH} - ауаның салыстырмалы ылғалдығының шартты жылжығыштық коэффициентіне әсерін ескеретін коэффициент:

$$\varphi_{RH} = 1 + \frac{1-RH/100}{0{,}1\sqrt[3]{h_0}} \quad \text{для} \quad f_{cm} \leq 35\text{МПа}, \qquad (Б.3a)$$

$$\varphi_{RH} = \left[1 + \frac{1-RH/100}{0{,}1\sqrt[3]{h_0}} \cdot \alpha_1\right] \cdot \alpha_2 \quad \text{для} \quad f_{cm} > 35\text{МПа}, \qquad (Б.3b)$$

мұндағы RH - қоршаған ортаның салыстырмалы ылғалдығы, проценттан;

$\beta(f_{cm})$ - бетонның сығылуы кезінде беріктік шегінің шартты жылжығыштық коэффициентіне әсерін ескеретін коэффициент:

$$\beta(f_{cm}) = \frac{16{,}8}{\sqrt{f_{cm}}}, \qquad (Б.4)$$

мұндағы f_{cm}- жасы 28 тәул. бетонның сығылу кезінде МПа өлшенген орташа беріктігі;

$\beta(t_0)$- жүктеудің басында бетон жасының шартты жылжығыштық коэффициентіне әсерін ескеретін коэффициент:

$$\beta(t_0) = \frac{1}{0{,}1+t_0^{0{,}20}}; \qquad (Б.5)$$

h_0- элементтің шартты келтірілген өлшемі, мм:

$$h_0 = \frac{2A_c}{u}, \qquad (Б.6)$$

мұндағы A_c- бетонның көлденең қимасының жалпы ауданы;

u - атмосферамен байланысатын элементтің периметрі;

$\beta_c(t, t_0)$- жүктеу салынғаннан кейін жылжығыштықтың дамуын суреттейтін коэффициент мына формула бойынша есептелген:

$$\beta_c(t, t_0) = \left[\frac{(t-t_0)}{(\beta_H + t - t_0)}\right]^{0,3}, \qquad (Б.7)$$

мұндағы t - бетонның осы кезіндегі тәулікпен өлшенген жасы;

t_0- бетонның жүктемелеу кезіндегі тәулікпен өлшенген жасы;

$t - t_0$- жүктеудің тәулікпен өлшенген шамаланған ұзақтығы;

β_H- ауаның (RH, проценттан) салыстырмалы ылғалдығын және элементтің (h_0, мм) шартты өлшемін ескеретін коэффициент. Ол былай анықталуы мүмкін:

$$\beta_H = 1{,}5[1 + (0{,}012RH)^{18}] \cdot h_0 + 250 \leq 1500 \text{ для } \quad f_{cm} \leq 35\text{МПа}, \qquad (Б.8a)$$

$$\beta_H = 1{,}5[1 + (0{,}012RH)^{18}]h_0 + 250\alpha_3 \leq 1500\alpha_3 \text{ для } \quad f_{cm} > 35\text{МПа}, \qquad (Б.8b)$$

$\alpha_{1/2/3}$- бетон беріктігінің әсерін ескеруге арналған коэффициенттер:

$$\alpha_1 = \left[\frac{35}{f_{cm}}\right]^{-0,7}; \quad \alpha_2 = \left[\frac{35}{f_{cm}}\right]^{-0,2} \alpha_3 = \left[\frac{35}{f_{cm}}\right]^{-0,5}. \qquad (Б.8c)$$

(2) Цемент түрінің (ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 (3.1.2 (б))) бетонның жылжығыштық коэффициентіне әсері (Б.5) формуласында төмендегі өрнекке сәйкес t_0 жүктеу басында жасын жаңарту арқылы ескерілуі мүмкін:

$$t_0 = t_{0,T}\left(\frac{9}{2 + t_{0,T}^{1,2}}\right)^{\alpha} \geq 0{,}5 \qquad (Б.9)$$

